



АҚОРДА

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТІРЕГІ

Қоғамдық тәртіптің мызғымас негізі – құқық қорғау органдарының жүйелі жұмысы мен кәсіби қызметі. Бұл салада жүргізіліп жатқан реформа – ішкі тұрақтылық пен азаматтардың құқығын қорғаудың басты кепілі. Полиция күні мен Мемлекеттік қызметші күніне орай өткен құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде Мемлекет басшысы негізгі міндеттерді атап көрсетті. Президент заң мен тәртіпті нығайту, қылмыстың алдын алу, жемқорлықпен күрес, есірткі мен интернет-алаақтықтың жолын кесу сияқты бағыттарды қамтып, нақты тапсырмалар жүктеді. Полиция қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мейрамдарымен құттықтаған Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекетке қызмет ету – ең құрметті әрі аса жауапты міндет екенін атап өтті.

«Сіздер заң мен тәртіпті сақтауға және азаматтардың құқығын қорғауға зор үлес қосып жүрісіздер. Қазір дүниежүзі алмағайып, бұлыңғыр, яғни өте күрделі кезеңді бастан өткеруде. Осындай құбылмалы уақытта қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, занның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айрықша маңызды міндет. Сол себепті бүгін біз алғаш рет осындай құраммен жиналып отырмыз. Құқық қорғау жүйесіндегі барлық жауапты құрылымдар жұмыла жұмыс істеуі қажет», — деді Президент.

Елімізде «Заң мен тәртіптің» қатан сақталуына қоғам өкілдерінің қосар үлесі де орасан зор. Аталмыш жиынға орталық және жергілікті атқарушы орган басшылары, депутаттар, сарапшылар және белсенді азаматтар қатысты. Күштік құрылымдарды жаңғырту ісінде жана бұынның атқаратын рөлі ерекше екенін атап өткен Мемлекет басшысы басқосуға академиялардың курсанттары да арнайы шақырылғанын сөз етті.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС АЗ ЕМЕС

«Трансұлттық қылмыстық топтармен күресу үшін халықаралық ынтымақтас-тықты дамыту өте маңызды. Осы жерде бүгін шетелдік полиция аттаселері отыр. Құқық қорғау органдарымен жүргізіп жатқан халықаралық ынтымақтастық жұмысы үшін сіздерге ерекше ризашы-лығымызды білдіремін. Соңғы жылдары елімізде барлық салада ауқымды рефор-малар жасалып жатыр. Мемлекеттің саяси жүйесі мен экономикалық құры-лымы түбегейлі жаңғыруда. Ел ішінде жоғары құқықтық мәдениет қалыптасып келеді. Азаматтық жауапкершілік идеол-огиясы берік орныға бастады. Бұл — біз-дің стратегиялық бағдарымызға тән аса маңызды басымдық. Мемлекет құқық қорғау жүйесін жетілдіруге және барлық салада заң мен тәртіп орнатуға баса мән береді. Осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткіздік. 2019 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылық саны шамамен екі есе азайды. Соның ішінде қарақшылық, то-нау, ұрлық пен бұзақылық деңгейі 4 есе төмендеді, ал кісі өлтіруге қатысты қыл-



мыстар 30 пайызға кеміді. Қоғамдық орындардағы қылмыс саны 80 пайызға азайды», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ ол өз сөзінде маңызды міндеттің бірі — отбасылық зорлық-зом-былықпен күрес және әйелдер мен бала-ларды қорғау мәселесіне тоқталды. Қазір бұл бағытта заңнамалық, институцио-налдық тұрғыдан батыл қадамдар жасалу-да. Соның нәтижесінде орташа және ауыр деңгейдегі отбасылық-тұрмыстық қылмыс саны жыл басынан бері 30 пайызға төмендеді. Жалпы, соңғы 5 жыл-да әйелдерге қатысты құқық бұзушы-лықтар екі есе азайған.

«Ең бастысы, қазір қоғамдық сана түбегейлі өзгеріп жатыр. Азаматтарымыз-дың бойында отбасындағы қатігездік пен озбырлыққа мүлдем төзбеушілік қасиеті қалыптасуда. Зардап шеккендерге қол ұшын беретін, ал құқық бұзушыларды жазғыратын қайырымды қоғам орнығып келеді. Елімізде «Қазақстан балалары» атты арнайы бағдарлама әзірленіп жатыр. Құжатта өскелең ұрпақтың мүддесін қор-ғауға арналған маңызды тетіктер ұсы-нылмақ», — деді Мемлекет басшысы.

Жиында айтылған мәселенің бірі на-шақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы

атқарылып жатқан кешенді жұмыстар болды. Өйткені биылдың өзінде 83 есірт-кі зертханасы жойылып, айналымнан алынған есірткі заттарының көлемі 84 пайызға ұлғайған. Есірткі өндіргені үшін берілетін жаза қатандатылды. Тіпті, өмір бойы бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

«Бірақ бұл саладағы жұмыс әлі де то-лығымен біткен жоқ, түйткілдер жет-кілікті, шешілмеген мәселелер еліміздің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына сын-қатер төндіруде. Бүкіл қоғамды алаңдатып отырған ең қауіпті үрдіс: жастар наша-қорлыққа үйір бола бастады. Бұл — үлкен қатер, оны жасырмауымыз керек», — деді Президент.

Сонымен қатар ол Қазақстанда кіріс-ті жылыстатуға және терроризмді қаржы-ландыруға қарсы күрестің халықаралық озық стандарттарға сай тиімді жүйесі қалыптасқанын мәлімдеді. 2019 жылдан бері ЖІӨ-дегі көлеңкелі экономиканың үлесі 23 пайыздан 16 пайызға дейін тө-мендеген.

«Бірақ әлі жоғары деңгей сақталып отыр. Мемлекет жауапкершілігі мол әрі адал кәсіпкерлерді қорғап, қолдау білді-реді. Менің арнайы тапсырмам бойынша

Бас прокуратура жалпы сомасы 34 трил-лион теңге болатын шетелдіктердің қат-тысы бар жүздеген инфрақұрылымдық жобаға құқықтық тұрғыдан көмек көр-сетіп келеді. Алайда отандық бизнесті негізсіз қылмыстық қудалау мәселесі толық шешімін тапқан жоқ», — дей келе ол Бас прокуратураға бұл жұмысты жал-ғастыруды тапсырды.

Соңғы уақытта жемқорлыққа қарсы күресу үшін нақты, жүйелі шаралар қа-былданып жатыр. Мысалы, Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасымен сот арқылы жемқорлардан алынған қаражат мектептер салуға жұмсалуда. Атап айтқан-да, үш жыл ішінде 89 мектептің құрылы-сына 150 миллиард теңгеден астам қара-жат бөлініп, бүгінде 61 мектеп пайдалануға берілді. Дегенмен Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі саяси және әлеуметтік-экономи-калық жағдайда жемқорлыққа қарсы күресті тиімді жүргізу үшін жана тәсілдер қажеттігін баса айтты. Осылайша, қонақ-жайлық индустриясының әлеуетін мак-сатты түрде нығайтып, туризмді дамытуға және шетелдік қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беріледі. Нәтижесінде, қазірдің өзінде Қазақстанға келген әрбір туриске әуежайдан қауіп-сіздік жалынамасымен бірге мобильді байланыс пен базалық интернет пакеті бар жана сим-карта ұсынылады.

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ — МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

«Жалпы, халықтың құқықтық мәде-ниетін көтеруге жан-жақты қараған жөн. Бүгін мен «Заң және тәртіп» апталығын жариялауды ұйғардым. Осы апта қоғамда заң мен тәртіптің насихаттау аптасы бол-мақ. Алдағы жеті күн құқықтық мәде-ниетті нығайтуға, сондай-ақ құқық қор-ғау органдарының абырой-беделін арт-тыруға арналуы керек. Алайда бұл бір реттік акция емес. «Заң және тәртіп» апталығына азаматтардың құқықтық са-на-сезімін көтеретін маңызды, жүйелі шара ретінде қараған жөн. Екінші. Құ-қықбұзушылықтың алдын алу жұмыс-тарын күшейту қажет. Қылмыс оған қолайлы жағдай жасаған жерде өршиді.

Қылмыстың және заңға қайшы әрекет-тердің салдарымен ғана күресуге болмай-ды. Қылмысқа түрткі болатын себептерді алдын ала анықтап, жойып отыру қажет. Менің тапсырмаммен «Құқықбұзушы-лықтың алдын алу туралы» заң жобасы әзірленіп, Мәжілістің қарауына берілді. Жаңа заң аталған саладағы мемлекеттік саясатты біріздендіріп, профилактикалық шаралармен қамтылатын тұлғалардың санатын кеңейтеді. Мұндай заң сөзсіз керек. Сондықтан мейлінше тез қабылдау қажет. Парламент депутаттарынан заң жобасын жылдың соңына дейін қарап, қабылдауды сұраймын. Заңнамалық өз-герістермен қатар, ұйымдық құрылымды да жаңғырту қажет. Ішкі істер министрлігі жүйесінде профилактикалық жұмыстар-ды үйлестіретін дербес бөлімше құратын уақыт келді», — деді Президент.

Сондай-ақ ол құқық қорғау орган-дарының тиімділігін бағалау жүйесіне де өзгеріс қажеттігін айтты. Онда құқық-бұзушылықты ескерту бағытындағы жұ-мыс нәтижесі есепке алынуға тиіс. Қыл-мысқа көбінесе тұрмысы нашар отбасы-дан шыққан адамдар барады. Алдын алу шараларын жүзеге асырғанда дәл осы санатқа айрықша назар аударған жөн. Бұл ретте әлеуметтік қорғау органдары мен жергілікті билік маңызды рөл атқарады.

«Көптеген құқықбұзушылық ұқсас жағдайда, бірдей факторлардың әсерінен болады. Тиісті деңгейде талдау жасалса, оны дер кезінде ауыздықтауға болады. Басқаша айтқанда, қылмыс қаупін бол-жау және оған қарсы іс-қимыл жүйесін қайта қарау керек. Ол үшін Құқықтық статистика және арнайы есепке алу ко-митетінің әлеуетін толық пайдаланған жөн. Аталған ведомство жай ғана есеп сактайтын орын емес, қоғамдық қауіпсіз-дік саласындағы қауіп-қатерді анықтай-тын және ескертумен айналысатын ор-талық болуға тиіс», — деген Мемлекет басшысы әрі қарай бұл бағыттағы жұмыс-тарға жасанды интеллект пен «үлкен дерекқор» мүмкіндіктерін жұмылдыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар көп ұзамай іске қосылатын суперкомпьютерді де осы мақсатта пайдалануға болатынын жеткізді.

САЛАДАҒЫ СОНЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Президент айтқандай, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына цифрлық технологиялар мен басқа да озық шешімдерді енгізуді жалғастыру ке-рек. Мұнда салалық министрлік негізгі рөл атқарады. Сол себепті Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс үдерісін барынша цифр-ландыруды тапсырды. Бұл тиімділікті арттырып, жемқорлық тәуекелдерін азайтады. Жасанды интеллект техноло-гиялары құқық қолдану тәжірибесін стандарттауға көмектеседі. Нәтижесінде, бірдей қылмыстық әрекет мүлде әртүрлі бағаланатын және азаматтарды қылмыс-тық процеске негізсіз тартатын жағдайды болдырмауға мүмкіндік береді.

(Жалғасы 2-бетте)



«ЭГМОНТ» ТОБЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Мемлекет басшысы «Эгмонт» қаржылық барлау бөлімшелері тобының төрағасы Эльжбета Франков-Яскевичті қабылдады.

Кездесу барысында ақшаны жылыстату-ға және терроризмді қаржыландыруға қар-сы күрес саласындағы халықаралық ынты-мақтастықтың өзекті мәселелері талқы-ланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандағы қаржы-лық қауіпсіздікті нығайтуға және активтерді қайтару тиімділігін арттыруға үлес қосып жүрген басты халықаралық платформа ретін-де «Эгмонт» тобының маңызы зор екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның «ақша-ны жылыстатуға қарсы» ұлттық жүйесін ха-лықаралық стандарттарға сай одан әрі жетіл-діруге ниетті екенін растады.

Президент заң үстемдігін қамтамасыз етіп, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту мақсатында «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы қабыл-данғанын жеткізді.


Эльжбета Франков-Яскевич Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларға жоғары баға беріп, оның тиімділігін атап өтті.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Люксембургтің Ұлттық күніне орай Ұлы Герцог Анриге құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы құттық-тауында Люксембург халқының бірлігі мен ортақ мұратын, сондай-ақ елдің қаржы, цифрлық инновация мен жасыл технологиялар салала-рындағы елеулі табысын паш ететін аталған мейрамның символдық мәніне назар аударды.

Қазақстан Президенті Ұлы Герцог Анридің жауапты мемлекеттік қызметіне толайым табыс, ал достас Люксембург халқына бақ-береке тіледі.



ПРОКУРАТУРАНЫҢ МИССИЯСЫ – ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



→ 5

КӨШЕ ТАЗА БОЛСА, КӨҢІЛ ТАЗА



→ 8

АҚОРДА

24 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ

АҚОРДА

(Басы 1-бетте)

«Жыл басынан бері Президент Әкімшілігіне дәл осындай, яғни сотқа дейінгі іс жүргізу мәселесі бойынша үш мың шағым келіп түсті. Сондықтан цифрлық технологияның мүмкіндігін тиімді пайдалану кажет. Мысалы, қазір елімізде іске қосылған «Заң мен тәртіп» платформасын Электронды үкімет пен танымал банк қосымшалары арқылы қолдануға болады. Осы цифрлық платформаның арқасында азаматтарымыз полицияға тікелей және жедел түрде хабарлама жолдай алады. Осылайша, кез келген құқықбұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын іс жүзінде жүзеге асыруға ықпал етеді.

Ақтөбе облысына сапарым кезінде Жедел басқару орталығында болдым. Орталықта жасанды интеллекттің көмегімен қаладағы ахуалға тәулік бойы бейнебақылау жүргізіледі. Полиция қызметінің тиімділігін арттыратын осындай орталықтарды еліміздің барлық қаласы мен ауданында ашу кажет. Әкімдер бұл жұмысқа белсенді түрде кірісуге тиіс. Бұдан бөлек, «Кауіпсіз қала» ұлттық платформасын іске қосу керек. Бұл — қаладағы бейнебақылау құралдары енді адамның бет-жүзін анықтап, оның жүріс-тұрысына талдау жасап, көшедегі көлікті де есепке алады деген сөз. Мұндай озық технологиялар түрлі заңсыздықтың алдын алуға мүмкіндік береді, сол арқылы қоғамдық тәртіпті нығайта түседі», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында сөз болған тағы бір маңызды жайт интернет және телефон алаяқтығының алдын алу мәселесі болды. Қылмыстың бұл түрі бүкіл әлемде бедел алғаны белгілі. Көбіне мұндай іске тыңғылықты ұйымдасқан қылмыстық топтар барады. Олар шетелден әрекет ететіндіктен, тергеу амалдарын қиындатады.

«Сондықтан бұл ретте алдын алу шараларының мәні зор. Былтыр Ұлттық банк жанынан заманауи антифрод-орталық ашылды. Олар құмән тудырған операцияларды анықтап, бұғаттап отырады. Сонымен қатар өздеріне тиесілі инфрақұрылымды пайдалана отырып жасалған алаяқтық үшін банктер мен ұялы байланыс операторларына да жауапкершілік белгілеп жатырмыз. Азаматтарымыздың жеке мәліметтерінің сенімді жерде сақталуын қамтамасыз ету өте маңызды. Алаяқтар ақшаны жылыстататын немесе сыртқа шығартатын құйтырқы айдаларына адамдарды алдап түсіреді. Соңғы бір жарым жылда 50 мыңнан астам адам осындай жағдайға душар болды. Өкінішке қарай, олардың басым бөлігі — жастар. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банктермен бірге осындай шоттарды алдын ала анықтап, бұғаттайтын тиімді жүйені жолға қойғаны жөн. Аталған мәселенің бір ұшы бақылаусыз сим-карта айналымына келіп тіреледі. Тек биылдың өзінде сим-карталарды басқа біреудің атына рәсімдеген 100 мыңға жуық факті анықталды. Нөмірлерді түрлі қылмыстық мақсатқа пайдаланады», — деген Мемлекет басшысы Үкіметке уәкілетті органдармен бірлесе сим-карталарды сату тәртібін реттеуді тапсырды.

ІЗГІЛІКТІҢ БАСТАУЫ — КАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ

Үшіншіден, Президент қылмыстық-атқару жүйесін ізгілендіру, жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігіне тоқталды. Биыл Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толады. Осыған орай, құқық қорғау құрылымдары, депутаттар мен құқық қорғаушылар сотталған азаматтарға рақымшылық жасау туралы бастама көтерді.

«Парламент тиісті заңды қарады, мен бұл заңға қол қойдым. Осы ізгі шараның арқасында жасалын өтеп жатқан 15 мыңнан астам адамға амнистия жарияланды. Соның екі мыңнан астамы бостандыққа шығады. Қалғандарының жаза мерзімі қысқарады. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағандар ғана рақымшылыққа ілінеді. Ең алдымен, әлеуметтік жағынан осал топқа жататын адамдарға, яғни баласы бар әйелдерге, егде адамдарға, көмелет жасына толмағандарға және осы санаттағы басқа да азаматтарға кешірім беріледі. Мұны жазасқан жандарға жасалған нақты көмек, олардың қоғамға қайта оралуына жағдай жасау деп түсіну кажет. Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ, бұл — шын мәнінде қайырымды елге тән сипат», — деді ол.

СЕНАТ

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНЕ ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗУДІ ҰСЫНДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда депутаттар маңызды заңдар топтамасын қарады.

Сенаторлар алдымен, жана Салық кодексін және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарап, талқылады. Бұл заңдар Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында белгілеп берген міндеттерді іске асыру мақсатымен әзірленген және қолайлы бизнес-орта мен инвестициялық ахуал қалыптастыруға бағытталған. Олар салық төлеушілерге ел аумағындағы экономикалық қызметті жүргізу жағдайларының тұрақтылығы мен айқындылығына негізделген өз қызметін анықтауға мүмкіндік береді.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТІРЕГІ



Мәселен, кейбір елде жазасын өтеушілер «қамау мерзімін қысқартуға» мүмкіндік беретін шараларды қолдана алады. Абақтыда ескерту алмаған, жана білім игерген, спорттық-мәдени шараларға қатысқан адамдарға осындай жеңілдік беріледі. Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, осы мәселені мұқият пысықтауы кажет. Шетелдің озық тәжірибесін зерттеген жөн. Бұл жұмысқа отандық сарапшыларды да тарту кажет.

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫН ҚОРҒАЙТЫН КЕШЕНДІ ШАРА

Төртіншіден, жиында құқық қорғау органдарының жұмысына сервистік модель қағидаттарын кеңінен енгізіп, кадрлық әлеуетін күшейту қажеттігі сөз болды. Атап айтқанда, уәскелік инспекторлардың әлеуетін одан әрі нығайту қажеттігі айтылды. Себебі олар іс жүзінде мемлекет мен қоғам арасындағы басты дөңкер саналады. Әсіресе, бұл ауылдық жерде анық байқалады.

«Өйткені жергілікті тұрғындар үшін уәскелік инспектор — қорғаушы, құқықтық кеңесші, тіпті, әділдік сұрап жүгінетін соңғы инстанция. Менің ойымша, ауылдағы уәскелік инспекторларға сен берген кезде жеңілдік жасап, яғни бір жылдық еңбек өтілін 1,5 жыл деп есептеу кажет. Ауылдағы уәскелік инспекторларды баспанамен қамтып, материалдық-техникалық базасын нығайту керек. Өңір әкімдері осы мәселеге мұқият назар аударғаны дұрыс. Уәскелік полицияны жаңғыртумен қатар патрульдік бекеттер қызметінің жұмысын қайта қарау кажет. Патруль қызметкерлері азаматтармен жұмыс барысында әдеп сақтап, кәсібилік танытқаны жөн. Өз кезегінде азаматтар да полициямен заңды талабына бағынуға міндетті», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бүгінде мемлекет қоғам қауіпсіздігі мен елдегі заң үстемдігін қамтамасыз ететін жандарды жан-жақты қолдауға әрқашан айрықша мән береді. Мәселен, Президент тапсырмасына сәйкес биылдан бастап күштік құрылымдар еңбекке бар полиция жедел уәкілінің еңбекақысы 60 пайызға өсті. Осылайша, тәртіп сақшыларын құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғау үшін кешенді шаралар қабылдануда.

«Ведомстволық жоғары оқу орындары курсанттарына жағдай жасап, ынталандыру маңызды. Олар — біздің күштік құрылымдардың болашағы. Оқуда үздік нәтиже көрсеткен және үлгілі тәртібінмен ерекшеленген академия түлектеріне бірден «аға лейтенант» шенін беру кажет деп санаймын. Сондай-ақ оларға бос жұмыс орындарынан өзі қалаған қызмет

түрін таңдауына мүмкіндік берілуі керек. Үкімет заңға енгізілетін өзгерістерді әзірле-сін», — деген Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарында үздіксіз әрі мінсіз қызмет атқарғандарға «құрметті қызметкер» атағы берілетінін атап өтті.

Алайда ол кейбір құрылымдарда бұл жоғары атақ басшыларға ғана бұйыратынын да тілге тиек етті. Президенттің айтуынша, қатардағы қарапайым қызметкерлер арасында ұзақ жылдар бойы кәсіби борышын адал атқарып жүрген лайықты кандидаттар жеткілікті. Сондықтан қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттырып, моральдық рухын күшейту маңызды.

«Былтыр Президент Әкімшілігінің бастамасымен құқық қорғау органдарының кадрлық құрамын цифрлық бағалау жүйесі енгізілді. Бұл объективті дербес рейтинг қалыптастыруға мүмкіндік берді. Құқық қорғау органдарының басшыларына қызметкердің лауазымын жоғарылатқанда және көтермелегенде негізінен цифрлық бағалауға сүйенуді тапсырамын. Тағайындаулар біреуге бүйрегі бұратын субъективті шешімге емес, лайықты еңбекке, нақты көрсеткіштер мен кәсіби жетістіктерге негізделуге тиіс. Әйтсе де, Ли Куан Ю айтқандай, ішкі түйсікке де иек артқан жөн. Әрбір офицер адал қызметінің лайықты бағаланатынына сенімді болуы керек.

Жалпы, бүгінгі айқындалған бағыттар құқықтық тәртіп пен заңдылықты сақтаудың жана моделін қалыптастыруды көздейді. Институттық реформалар мен технологиялық жаңашылдықтарды ұштастыра отырып, құқық қорғау органдарын одан әрі жаңғырта беруіміз керек. Мен бір апта ішінде құқық қорғау органдарындағы олқылықтардың барлығы көрсетілетін материал дайындау жөнінде тапсырма бердім. Мұнда қызметке де байланысты кемшіліктер бар. Сондықтан біз бүгін ол туралы егжей-тегжейлі айтпаймыз. Дегенмен мәселенің шет жағасы қозғалды. Бір апта ішінде құжат барлық құқық қорғау органына жіберіледі. Одан кейін біз жабық форматта жиын өткізіп, жұмыс барысын талқылаймыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕРЖҮРЕК САҚШЫЛАРДЫҢ ЕРЛІГІ — КӨПКЕ ҮЛГІ

Сонымен қатар ол еліміздегі ірі қалалармен қатар, шалғай елді мекендердегі қоғамдық қауіпсіздік — құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тынымсыз еңбегінің арқасы екенін жеткізді. Осындай тұрақтылық пен тыныштықтың артында Заң мен тәртіп үшін жасалған ерен ерлік бар. Халқымыз құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ерлігін бағалайды, мақтан тұтады, әрқашанда қолдайды.

«Жақында күштік құрылымдарымыз Алматы облысында ірі есірткі зертханасын жойды. Маңғыстау облысында трансұлттық деңгейдегі ұйымдасқан қылмыстық топ құрықталды. Соның нәтижесінде есірткі бизнесіне мықты тосқауыл қойылды. Арнайы операцияларға қатысқан мамандар жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Сіздердің күнделікті жұмыстарыңыз қауіп-қатерге толы. Өкінішке қарай, Тәуелсіздік жылдарында 842 азамат қызметтік міндетін орындау кезінде қазаға ұшырады, 4,5 мың адам жаракат алды. Бүгін біз қаза болған ерлеріміздің жақындарына марапат тапсырамыз. Ержүрек сақшылардың ерлігі халыққа жанқиярлықпен қызмет етудің үлгісі ретінде жұртымыздың жадында сақталуға тиіс. Осы орайда, мен мекемелік наградаларға қызмет бабында қаза болған қаһармандардың есімін беру мәселесін қарастыруды ұсынамын», — деген Мемлекет басшысы көшелер мен құқық қорғау мекемелерін батырлардың атымен атау жөн екенін еске салды.

Әрине, мұндай тәжірибе елімізде бұрыннан бар. Ланкесті ұстау кезінде ерлікпен қаза тапқан Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың есімі Тараздағы орталық көшелердің біріне берілді. Сондай-ақ қаладағы оқу-жаттығу полигоны да батырдың атымен аталған. Таяуда оның өмірі мен ерлігі туралы «Капитан Байтасов» атты көркем фильм көрермен назарына ұсынылмақ. Өрт сөндіру кезінде опат болған Асқар Забикулин де елдің есінде. Астанадағы Өрт сөндіру бөліміне және сол бөлім орналасқан көшеге оның есімі берілді. Бұл азаматтарды нағыз бейбіт күннің батырлары деуге болады. Олар атық демі қалғанша антқа адал болды, қызметтік парызын өтеу жолында өз өмірлерін құрбан етті.

«Елге және заңға қызмет етуге бел бұған әрбір азамат адамгершілік пен әділдік құндылықтарын басшылыққа алады. Қылмысқа қарсы күресті қастерлі парыз деп санайды. Мұндай қасиеттер адамға, ең алдымен, отбасындағы тәрбие арқылы беріледі. Құқық қорғау саласында ата-анасының жолын қуып, отбасы дәстүрін жалғастырып жүрген қызметкерлер аз емес. Қазір біз үш атадан бері тәртіп сақшысы болған Зайнулиндер әулетінің өкілдерін марапаттаймыз. Мен бүгін барша құқық қорғау жүйесінің ардагерлеріне зор алғыс айтамын. Сіздердің мінсіз қызметтеріңіз — өскелен ұрпаққа үлгі-өнеге», — деп сөзін жалғайы Президент.

Жалпы, заң мен тәртіп ұғымы көшедегі тазалық пен қауіпсіздік сияқты қарапайым нәрседен басталады. Жергілікті билік, бизнес және қоғам белсенділері ортақ мүдде жолында күш біріктіріп жұмыс істесе, қоғамдағы заң мен тәртіп те нығая түседі. Қасым-Жомарт Тоқаев қазір Ақмола облысында «Зиялы қауым» жобасы жүзеге асы-

рылып жатқанын айта келе, ауыл әкімдері, ақсақалдар және шаруа қожалықтарының басшылары бірлесіп, уәскелік инспекторларға қолғабыс етіп жатқанын жеткізді. Жергілікті азаматтардың осындай үлгілі ісіне қолдау көрсету керек. Бұл — азаматтық жауапкершіліктің айқын көрінісі.

«Сондай-ақ бүгін мен бес жылда бірде-бір қылмыс тіркелмеген бірқатар ауылдың ақсақалдарын марапаттаймын. Құқық қорғау органдарының көп жұмысы сырт көзге көріне бермейді. Жедел қызметкерлер, тергеушілер, прокурорлар, криминалистер, патруль қызметкерлері, уәскелік инспекторлар мен басқа да құрылым қызметкерлері күн сайын ел тыныштығын қас қақпай күзетуде. Ешқандай қауіп-қатерге қарамастан, Отан үшін жасап жатқан адал қызметтеріңізге зор ризашылығымды білдіремін. Мен Сіздерге сенемін! Әрқайсысыңыз мықты маман, отаншыл әрі адал азамат деген атқа лайықсыздар. Әрине, құқық қорғау мекемелерінің жұмысында ешқандай қателік немесе жетіспеушілік жоқ деп айтуға болмайды. Бірақ қара бұлтты төндірудің де қажеті жоқ. Бәріміз бір ел, бір халық болып Қазақстанымыз үшін қызмет етіп, табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл — баршамызға ортақ ұлттық парыз, азаматтық борыш. Қазақстан қауіпсіз, заң мен тәртіпке бағынатын ел болуы керек», — деді ол.

Жиында қорытындылай келе, мемлекет басшысы Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік Кеңесіне бір аптаның ішінде Құқық қорғау органдарының жұмысы туралы арнайы талдау дайындауды тапсырды.

«Бұл — өте маңызды жұмыс, оны жалғастыру кажет. Түптеп келгенде, біздің басты бағдарымыз — айқын. Бұл — заң мен тәртіп қағидаты. Қызметтеріңізге табыс тілеймін!», — дей келе Қасым-Жомарт Тоқаев бейбіт заманның батырына айналған сала қызметкерлері мен олардың туыстарын марапаттады.

Атап айтқанда, суға батып бара жатқан адамды құтқарамын деп қызмет барысында ерлікпен қаза тапқан Атырау қаласының жол-патруль полициясы батальонының қызметкері Шалқар Ақымғалиев ІІІ дәреже «Айбын» орденімен наградалған. Ержүрек ұлды дүниеге әкеліп, тәрбиелеген Шалқардың анасы Ләззат Мұқановаға Алғыс жарияланды.

Қызметтік борышын атқару кезінде ерлікпен қаза тапқан Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және апаттық құтқару жұмыстары жөніндегі жедел кезекшісінің көмекшісі Асқар Забикулиннің жұбайы Анель Забикулинаға Алғыс жарияланды.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде ерлік жасап, соның салдарынан өз бетімен қозғалу мүмкіндігінен айрылған Алматы қаласы Полиция департаментінің Жол полициясы батальоны командирінің орынбасары Әнуар Байтұрсыновқа Алғыс жарияланды.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді атсалысып, көпке үлгі көрсеткені үшін Ақмола облысы Атбасар ауданы Шуйское ауылының ақсакалы Еркебай Байжігітөвке Алғыс жарияланды.

2022 жылдан бері бірде-бір қылмыс тіркелмеген Жамбыл облысы Шу ауданы Балуан Шолақ ауылының Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Есенгелді Текебаевқа қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысқаны үшін Алғыс жарияланды. Жамбыл облысындағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етіп келе жатқан полициядағы құрметті әулеттердің бірі — Зайнулиндер отбасына абыройлы қызмет атқарып, қоғамдық тәртіпті нығайтуға елеулі үлес қосқаны үшін Алғыс жарияланды. Әулеттің жалпы еңбек өтілі — 63 жыл.

2013 жылдан бері 500-ден аса күрделі істі ашқан Алматы қаласы Полиция департаментінің аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі, полиция майоры Жанна Шешмұхановаға кәсібилігі мен адалдығы үшін Алғыс жарияланды.

Сондай-ақ кеше Қасым-Жомарт Тоқаев Полиция күніне арналған концертті тамашалады. Концертте кәсіби міндетін орындау кезінде қаза болған құқық қорғау органдарының қызметкерлерін еске алған реквием көпшіліктің көңілін қозғайды.

Дайындаған
Кәмпила ДҮЙСЕВ



Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев жана Салық кодексіннің тағы бір басымдығы салық төлеушілермен қарым-қатынастардың сервистік моделіне көшу екенін айтты. Инвесторларды ынталандырудың қосымша

шаралары және табиғи ресурстарға салық салу тиімділігін арттыру бойынша жана нормалар көзделген. Құжатта арнайы салық режимдері мен салықтық жеңілдіктер де онтайландырылған.

Көдексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң да қаралды. Сенаторлар құжатты жекелеген баптарға қатысты ұсыныстардың жана редакциясымен Мәжіліске қайтарды. Енгізілген түзетулердің негізгі мақсаты салық саясатын және салық салудың жекелеген тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ жеке тұлғалардың табыстары мен мүліктерін жалпыға бірдей декларациялау жүйесін онтайландыру екенін айта кеткен абзал.

Сенат депутаттары күн тәртібіне шығарылған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды да қарап, мақұлдады. Заңдағы маңызды түзетулердің бірі — көппәтерлі үй мүлкінің меншік иелері бірлестігінің төрағасы мен кондоминиум объектісін басқару субъектісі үшін кондоминиум объектісін басқару жөніндегі ай сайынғы және жылдық есептерді ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін жеке жауаптылық енгізу болды. Бұдан басқа, айыппұлдар үйді басқаруды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға қолданылады деген ескертпе көзделген.

МӘЖІЛІС

ОТБАСЫ ҚАУІПСІЗДІГІ АНА МЕН БАЛАДАН БАСТАЛАДЫ



Ақмола облысы Бурабай ауылында Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның көшпелі отырысы өтті. Онда әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы заңның жүзеге асырылу барысы талқыланды. Жиынға Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов қатысты.

Отырысқа сонымен қатар Қоғамдық палата мүшелері, Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, мүдделі министрліктердің жауапты өкілдері мен облыс әкімдерінің орынбасарлары, отбасын қолдау орталықтарының басшылары мен сарапшылары қатысты.

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент сессиясының басында Қоғамдық палата мүшелерімен бірге әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған түзетулерді жүзеге асыруға қатысты кездесу жоспарланғанын еске салды. Қабылданған заңдардың жұмысын бақылау және палата сарапшылары арқылы қоғамнан кері

байланыс алу үшін мұндай кездесулер алдағы уақытта тұрақты түрде өткізіледі.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы заң Мемлекет басшысының тапсырмасымен осыдан тура бір жыл бұрын қабылданған болатын.

— Тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы ымырасыз күрес — Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың берік ұстанымы. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық туралы заң «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асырудың жарқын мысалы болды. Оған халықаралық қоғамдастық тарапынан жоғары баға берілді. Қазірдің өзінде мұндай қылмыстарды азайтуда оң өзгерістер байқалып отыр. Бүгінгі кездесу оны әрі қарай күшейту қажеттілігі бар ма, жоқ па, соны түсінуге мүмкіндік береді, — деді Е.Қошанов.

Қоғамдық палата төрағасы Айдос Сарымның айтуынша, мәжілісмендер заң

жобасына бастамашы болғанға дейін бұл тақырыпты палата мүшелері талқылап, өз ұсыныстарын берген. Олардың бір бөлігі заңға енгізілген.

— Бүгінгі көшпелі жиын қабылданған заң нормаларының тікелей жергілікті жерде жүзеге асырылу барысымен танысу үшін өткізіліп отыр. Бізге нәтиже маңызды. Ол іс жүзінде қалай жүзеге асырылуда? Әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстар азайды ма? Мемлекет оларға қандай көмек көрсетеді? Отбасын қолдау мен дағдарыс орталықтары қалай жұмыс істейді? — деді Айдос Сарым.

Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеханың айтуынша, жыл басынан бері 46 мың отбасындағы озбыр адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оның ішінде 14 мың адам қамауға алынған. Яғни, әрбір үшінші адам қамауға алу түріндегі жазасын өтеген. Сондай-ақ 42 мың құрбанды қорғау нұсқамасы шығарылған.

— Тұрмыстық кісі өлтіру мен жаракат алу санының үштен бірі азайды. Отбасы-тұрмыстық қатынастарға байланысты қылмыстар да қысқарды. Оның ішінде көмелетке толмағандарды ұрлау — 83 пайызға, тәрбиелік міндеттерін орындамау

жағдайлары 22 пайызға төмендеді, — деді И.Лепеха.

Сонымен қатар ІІМ вице-министрі дағдарыс орталықтарымен тығыз байланыс орнатылып, оларға 3 мыңға жуық әйел жіберілгенін атап өтті. Зорлық-зомбылық көрген 6 мыңға жуық отбасымен сауалнама жүргізілген. 148 агрессор анықталып, оның 41-і мінез-құлықты психологиялық түзеуге өз еркімен келіскен.

Бұл ретте Игорь Лепеха әлі де шешімін таппаған мәселелер барын айтты. Біріншіден, бұл — қылмыстық құқықбұзушылықтарды тергеудің күрделілігі. Зорлық-зомбылық куәгерлерсіз болғандықтан, күдікті өз кінәсін мойындамаған жағдайда кінәсін дәлелдеу әлдеқайда қиындай түседі. Психологиялық көмек көрсету де күрделене түседі. Бірқатар өңірде тиісті денсаулық сақтау ұйымдары анықталмағандықтан, соттар оны тағайындамайды.

Балалар құқығын қорғау жүйесін күшейту мәселесі жөнінде Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан айтып берді. Оның сөзінше, биыл балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығын бұзу фактілері 21,3 пайызға төмендеген (2024 жылдың 5 айында 445 жағдайдан 2025 жылдың 5 айында 350 жағдайға дейін). Балаларға қарсы жасалған ауыр қылмыстар 8 пайызға, аса ауыр қылмыстар 19 пайызға азайған. Жыл басынан бері 111 шақырту бойынша қатыгездік пен зорлық-зомбылық көрген 537 балаға көмек көрсетілді.

Өңір әкімі Марат Ахметжанов Ақмола облысының өзінде ауыр және аса ауыр қылмыстардың статистикасы үш есе азайғаны жөнінде айтты. Мұның өзі заңның нәтижелі жұмыс істеп жатқанын көрсетеді. Оның айтуынша, бұл жағдайға 2023 жылғы 1 шілдеден бастап әкімшілік құқықбұзушылықтарды тіркеудің өтініш беру тәртібінен анықтау тәртібіне көшуі себеп болған. Тапдау нәтижесінде мұндай қылмыстардың 60 пайыздан астамы жәбірленушілердің полицияға хабарласудан қорқуынан көленкеде қалып, кейін аса ауыр зардаптарға әкелгенін анықталды. Сондай-ақ облыс

әкімі тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау бойынша шаралардың маңыздылығын атап өтті.

Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова әлеуметтік қызмет жүйесін жаңғырту және әлеуметтік қызметкерлерді даярлау бағдарламаларын жетілдіру қажеттігіне назар аударды. Қазір әлеуметтік қызмет жоғары оқу орындарында оқытылып келеді. Алайда бұл мамандықтың оқу бағдарламалары көбіне зейнеткерлермен немесе әлеуметтік жағынан осал топтармен жұмыс істеуге бейімделген. Депутаттың айтуынша, заманауи талаптарға сай әлеуметтік қызметкерлердің жұмыс ауқымын кеңейтіп, оларды ішкі істер органдарында, прокуратурада, құқық қорғау және сот жүйесінде жұмыс істеуге бейімдеу маңызды.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров отбасы және неке институтын сақтау шараларына тоқталса, шақырылған отбасын қолдау орталықтарының басшылары өңірлердегі жағдай туралы ақпарат берді. Қолданыстағы тетіктерді жетілдіру бойынша пікірлер мен ұсыныстар айтылды.

Жиынды қорытындылаған Айдос Сарым қатысушылар көтерген мәселелерді цифрландыру құралдары арқылы шешуге болатынын атап өтті. Ол цифрлық технологияларды отбасылар мен халықты қолдау үшін белсенді түрде пайдалану керектігіне назар аударды. Бұл бағытта уәкілетті органдар жұмыс істеп жатыр. Қоғамдық палата отырысының қорытындысы бойынша тиісті ұсынымдар дайындалып, Үкіметке жолданып отыр.

Сондай-ақ көшпелі отырыста мұқтаж отбасылардың жағдайын бақылауға және жергілікті атқарушы органдар тарапынан қажетті көмекті болжауға мүмкіндік беретін Бірыңғай цифрлық әлеуметтік қызмет көрсету платформасының жобасы таныстырылды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова Шымкент пен Қарағанды облысындағы екі пилоттық жобаның нәтижелері туралы айтты.

КӨЛІК КОНТРАБАНДАСЫНА ТОСҚАУЫЛ КЕРЕК

«AMANAT» партиясы автокөлік контрабандасына қарсы күресті күшейтуді талап етуде. Елімізге жыл сайын 76 мыңға жуық көлік контрабандалық жолмен кіргізіледі.



«AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысында ел аумағына заңсыз жолмен тасымалданатын автокөліктер мәселесі көтерілді. Жиынға Мәжіліс депутаттары, қоғам белсенділері, орталық мемлекеттік органдар мен аймақтық әкімдіктердің өкілдері қатысты.

Отырысты ашқан Мәжіліс депутаты, Кеңес төрағасы Ерлан Саиров соңғы жылдары бұл салада болып жатқан заң бұзушылықтарға назар аударып, статистикалық деректерге сүйеніп, нақты мысалдар келтірді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы халыққа Жолдауында шетелден жеткізілген көліктерді заңдастыруға және заңсыз тасымалға тосқауыл қоюға тапсырма бергенімен, бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесі әлі де жеткіліксіз. 2023 жылдан бері Қаржы мониторингі агенттігі 11,8 миллиард теңге көлемінде салық төлеуден жалтарған 1821 автокөлікке қатысты 87 қылмыстық істі тіркеген. Бұл — ел экономикасына да, құқықтық тәртіпке де тікелей қауіп», — деді ол.

Қоғам белсендісі Еркебұлан Құлбасов бұл мәселенің ауқымды сипат алғанын атап өтті. Оның айтуынша, елімізге жыл сайын 76 мыңға жуық көлік контрабандалық жолмен кіргізіледі.

«Бұл көліктердің көпшілігі Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен шекаралас аймақтар арқылы жеткізіледі. Мұндай көліктердің көбінің құжаттары күмәнді екені анық, кейбір жағдайларда бір мемлекеттік нөмірмен бірнеше көлік қатынайды. Біз жүргізген сауалнама нәтижесіне сүйенсек, қазіргі таңда ел ішінде уақытша иелік ете-

тіндер саны 56 800-ден асып отыр. Ал кедендік рәсімдеуден өте алмай, салықтық міндеттемелерін орындай алмағандардың қатары 103 мыңға жеткен. Ішкі істер министрлігі мұндай көліктерді елге әкеліп, саудалаумен айналысатын қылмыстық топтарды анықтап, құрықтап жатыр. Алайда заңсыз әрекеттер тоқтаған жоқ. Себебі сұраныс сақталған жерде, мұндай ұсыныстар да жалғаса береді», — деді ол.

Атырау облысының тұрғыны Айсултан Кәдіров те бұл мәселенің жергілікті деңгейдегі көрінісін сипаттап берді. Оның айтуынша, көпшілік азаматтар бағасы қолжетімді көліктерге ұмтылады.

«Қарапайым халық көбіне 5-6 миллион теңге аралығындағы көліктерді іздейді. Ал заңсыз жолмен жеткізілетін оң рөлді көліктердің бағасы дәл осы диапазонда болғандықтан, оларға сұраныс жоғары. Өкінішке қарай, отандық көлік бағасы көпшілікке тиімсіз», — деді ол.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі 2025 жылдың басынан бері еліміздің өткізу бекеттерінде заң талаптарын бұзған 238 көлік құралын анықтаған. Олар тиісті тәртіппен ішкі істер органдарына тапсырылғанымен, Мәжіліс депутаты Абзал Құспан шекарадағы бақылау жүйесін күшейтпей, мәселені толықтай шешу мүмкін емес екенін алға тартты. Оның пайымдауынша, қазіргі бақылау жүйесі толыққанды нәтиже бермей отыр, себебі бұл жұмыс тікелей ІІМ немесе ҰҚК Шекара қызметінің негізгі міндеттеріне кірмейді.

Отырыс соңында Республикалық кеңес көлік контрабандасына қатысты мәселе партияның бақылауында қала беретінін және бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасатынын мәлімдеді.

ӨҢІРАРАЛЫҚ БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Шымкент қаласындағы «Арбат» алаңында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті. Іс-шараға қала тұрғындары және жұмыс берушілермен қатар, солтүстік өңірлерден арнайы келген делегациялар да қатысты.

Жәрменкенің басты мақсаты — жұмыссыз жүрген азаматтар мен жастарға, сондай-ақ әлеуметтік осал топ өкілдеріне жұмыс табуға жағдай жасау және ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасын кеңінен түсіндіру болды. Іс-шараға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов, Шымкент қаласы кәсіподақтар орталығының төрағасы Бауыржан Әлтеев қатысты. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарынан сала мамандары келіп, өз өңірлеріндегі бос жұмыс орындарын ұсынды.

Жәрменке үшін барлығы 775 жұмыс берушіден 3 583 бос жұмыс орны жинақталды. Іс-шараға 100-ден астам жұмыс беруші қатысып, тұрғындарға бос орындарды таныстырды. Оның ішінде 1340 орын — тұрақты, 2243 орын — уақытша жұмыс орындары.



Жәрменкеге келген тұрғындардың 300-ге жуығына қызмет көрсетілді. Оның 95-і тұрақты жұмысқа орналасса, 29 адам субсидияланатын жұмыс орындарына жолданды. Бұдан бөлек, пробация қызметінде тіркеуде тұрған, бұрын сотты болған және мүгедектігі бар азаматтар арасынан 9 адам квота бойынша жұмысқа орналасты. Алимент берешегі бар 4 борышкерге де жұмыс ұсынылды.

Ерікті түрде солтүстікке қоныс аудару бағдарламасына қызығушылық танытқан

84 адамға кеңес берілді. Оның ішінде 11 азамат 24 маусым күні ұйымдастырылатын «Ұлы көш» атты Солтүстік және Павлодар облыстарының тыныс-тіршілігімен танысу сапарына қатысуға ниет білдірді.

Жәрменке барысында қатысушыларға қысқа мерзімді кәсіптік оқыту, мемлекеттік гранттар және өзге де қолдау тетіктері туралы кеңес берілді. Мұндай жәрменкелер — еңбек нарығын тұрақтандыру мен халықтың нәтижелі жұмыспен қамту жолындағы маңызды құрал болып отыр.

ЗАҢҒЕРЛЕР ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

«AMANAT» партиясының Ақтөбе облысы Байғанин аудандық филиалында «Құқықтық көмек» жобасы аясында қоғамдық қабылдау ұйымдастырылды. Іс-шара барысында заңгерлер, адвокаттар, нотариустар және партия қызметкерлері өңір тұрғындарына заңгерлік көмек көрсетті.

Тұрғындар негізінен мұраға үйлі аулар, жұмыстан заңсыз шығару, сондай-ақ алаяқтық мәселелері бойынша жүгінді. Мәселен ауыл тұрғыны Нұрбақыт Нұрәділқызы екі жыл бұрын алаяқтарға алданып қалыпты. Оның құқықтық сауаты жеткіліксіз болғандықтан істі аяғына дейін жеткізбеген.

— 2023 жылы iPhone ұялы телефонын әлеуметтік желі арқылы сатып алмақшы болып, алаяқтарға алдандым. Кейін полиция қызметкерлеріне жүгіндім. Алайда әлі күнге дейін тиісті органдардан мардымды жауап алған жоқпын. Бармаған



жерім жоқ. Қоғамдық қабылдауға заңгер келетінін естіп, арнайы келдім, — дейді ол.

Осы мәселені адвокат Әміржан Кушаев өз колына алып, сотқа арыздануға көмек беретін болды. Айта кету керек,

«Құқықтық көмек» партиялық жобасы бойынша жыл басынан бері адвокат, нотариус, медиатор, заңгерлердің қатысуымен 5 қабылдау өткізілді. Қабылдауға 211 азамат өтінішпен жүгініп, оның 82-сі оң шешілді.

ӨЗЕКТІ

24 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстанда биологиялық белсенді қоспаларды таңбалау тестілік режимде іске қосылады. Бүгінде әр адам кез келген цехта, тіпті өз үйінде немесе гаражында осы ББҚ-ларды, витаминдерді, протейнді, басқасын жасай беретін болды. Өйткені олар дәрі-дәрмекке жатпайтындықтан, заң бойынша Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан бақылау жоқ. Ел арасында «БАД» аталатын осы өнімдер «азық-түлікке» жатады. Жаңа тестетік жағдайды түзей ме?

ДӘРУМЕН АЛДЫМЕН ДӘРІГЕРГЕ ПАЙДАЛЫ

Жасыратыны жоқ, ақ халаттылар халықты дәрумен «инесіне отырғызды»: бір дәріге рецепт жазса, бес витамин мен қоспаны қоса береді. Жекеменшік клиникаларда, бюджеттен қаржыландырылатын қалалық емханада дәрігердің кезегінде тұрсаңыз, қымбат киінген, әсем әшекейді аямай таққан, опа-далап жаккан бикештер сый-сияпатын көтеріп, дәрігерге кезексіз кіріп жатады.

Бұлар — медициналық препарат не биокоспа жасайтын қаптаған компанияның өкілі, дилері. Егер ақ халатты абзал жан адал болса, оны лезде есігінен кері шығарып жібереді. Бәзбірі керісінше, сырқатын қуып шығып, есікті жауып алып, мәміленің шарттарын талқылауға кіріседі.

Кейбір дәрігер бізбен әңгімеде биокоспаға амалсыздан кеңес беретінін мойындады. МӘМС аясында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры емханаларды қаржыландыруды күрт қысқартып тастапты, ТМҚК аясында берілетін тегін дәрі де азайған. Соның салдарынан сырқаттың көпшілігіне КТ, МРТ, УДЗ зерттеуіне, не талдау-анализге бағыттама бере алмай қалған ақ халаттылар олардың көңілін аулау үшін ем-шіпасы жоққа тән биологиялық қоспаларды жазып беретін көрінеді. Шын сенсе, плацебо тиімділігі болады, құлан-таза жазылып кетпегенімен, өзін жақсырақ сезінуі мүмкін.

Кәсіпкерлердің айтуынша, ББҚ (БАД) қоспалары негізінен, көрші Қытайдан қап-қабымен, тіпті тұтас теміржол вагон-цистерналарымен тасылады. Соны ал да, күрекшемен ұсақ қаптамаларға толтырып, сата бер. Нарықта оның бөріне сұраныс жоғары: еңбектеген баладан еңкейген кәріге, қарапайым адамнан — қалталыға, оқушыдан — спортшыларға дейін талмай, таңдамай жұтады.

Қазақстанда ББҚ-ларды тұтынудың кең ауқым алғаны және оны сатып алу үшін халықтың ылан-ойран қаржысын

жеңіп алғанын хабарлап, азаматтарды алдаған. Олардан машинаны елге әкелу үшін оны мемлекеттік тіркеуге және кедендік бажын төлеуге қажет деген желеумен 150 мыңнан 300 мың теңгеге дейін талап еткен, — деп мәлімдеді қалалық прокуратура.

Жедел-іздеу іс-шаралары барысында 14 тұлғаның қылмысқа қатыстылығы әшкереленді. Арасында директоры, заңгері, сату бөлімінің басшысы, операторлар бар. Алайда қылмыстық схеманың тек екі ұйымдастырушысы та

ҚОСПАҢМЕН ҚОСА АҒАР...

былып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. 32 ноутбук, 10 ұялы телефон тәркіленді. Қылмыстық іс сотқа бағытталды. Айыбы дәлелденсе, қылмыскерлер он жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Елордалық прокуратура қандай да бір затты сатып алғанда абай болуға және әлеуметтік желідегі күмәнді ұтыстарға сенбуге шақырды.

ПАЙДА ҚАЙДА БОЛСА, БЛОГЕР СОНДА...

Кәсіпкерлік туралы «Упал, поднялся» блогының авторы Вячеслав Рюминнің



деп өтірікті шындай етеді. Сөйтіп, Қытайдан тапсырыс беріп алғызған 500 теңгелік ұнтағын «табынушыларына» 10-20 мың теңгеден сатады, — деді Рюмин.

Осы арқылы біріншіден, өзіне риясыз сенген жұртты алдап, қалтасын қағалы, өзі шылықып байиды. Екіншіден, олардың бойындағы аурудың ұшығуына себепседі. Себебі өзінің сүйікті блогері сияқты «сыйқырлы капсулалар» көмегімен-ақ айығып кетеріне сенген сырқат дәрігерге баруды қояды. Болмаса, әрі кетсе, «Олимпке» кіріп, кан, зәр тапсырумен шектеледі. Талдау қорытындысы ағзасында кейбір витаминнің жетіспейтінін көрсетсе, дереу дәріханадан сол дәрумендер кешенін алуға жүгіреді. Шын мәнінде, белгілі бір дәрумендердің жетіспеуі қатерлі ісіктен хабар беруі ықтимал.

«D витамині жетіспейтін адам жас өледі», — дейтін блогерлер бар. Rocky Mountain Cancer Centers онкологиялық клиникасы мамандарының түсіндіруінше, адамдар витаминнің аздығына емес, ең алдымен, D дәрумені сияқты кез келген коректендіруші қоспаны шектен тыс тұтынбауға бас қатырғаны жөн. Басы артық дәрумен уға айналады (токсик-эффект). D витаминінің шектен тыс көлемі кальций деңгейін арттырып, кальцинозға — бүйрек, жүрек немесе өкпе сияқты жұмсақ тілдерде кальций тұзының қалың қабатының түзілуіне, гиперкальцемияға соқтыруы мүмкін. Сондықтан витаминге қатысты кез келген сұрақ пен күдік туындаса, дәрігерге жүгініңіз.

Биологиялық белсенді қоспа өндіретін кәсіпкер Павел Мамаев ірілеу компаниялардың әлеуежелі, маркетплейстар арқылы ББҚ сатудан айына жүздеген миллион қаражат табатынын жасырмады. Мұның сыртында өндірушілерге дәріхана желілерінің иелері де шығады.

— Дәріханалар кейде өндірушімен бірлесіп, ортақ бренд ойлап табады. Бұл схема көбірек табыс әкеледі. Дәріхананың қожайыны келіп, қапталған өнімге өзінің маркасын басуға тапсырыс береді. Содан соң оны өз дәріханасы арқылы бірнеше есе қымбатқа сатады. Дәрігер науқасты нақты бір фирманың ББҚ-сын ал деп жіберсе, дәріханашы оны басқа, өзіне қажетті витаминді алуға көндіреді. Рецептідегі брендке қарағанда мұның әлдеқайда арзан, ал тиімділігі бірдей екенін айтады. Клиент арзан аналогын тапқанына мәз, — деді кәсіпкер.

Оның айтуынша, дәрі-дәрмектер мемлекеттік тіркеуге алынады. Онсыз ел ішінде сатуға тыйым салынады. Оған дейін медикамент алдымен жануарларға, кейін адамдарға клиникалық сынақтардан өтеді, адам ағзасына зияны, нақты бір ауруды емдеу тиімділігі тексеріледі. Қорытындылары халықаралық ғылыми журналдарда жарияланып, ғылыми медициналық қауымдастықтың талқысына түскені маңызды. Халықаралық тіркеуден өтуі, GMP стандарттарына сай болуы керек.

Биокоспаларда мұның бірде-бірі жоқ. Клиникалық ешқандай сынақтан өтпейді, ешқандай ауруды емдемейді. Сондықтан оның қаптамасында қарсы көрсетілімдері жөнінде, жанама әсерлері туралы да еш ақпарат болмайды. «Дәрі болып табылмайды!», «дәрілік әсері жоқ» деген сияқты ескертулерді ашық жазып қояды.

ББҚ — аминокышқыл, витамин немесе минералдар сияқты нақты бір заттың қайнар көзі ғана. Мысалы, «Кетоналда» оның буын ауруларына, ревматоидты артритке, теріс спондилоартритке қарсы, ауырсыну сезімдерін басуға және басқа жағдайда пайдаланылатыны жазылған. Ал ББҚ-лар ауруды емдемейді. «Балық майы» А және D дәрумендерінен, эйкозапентаен қышқылынан, поликанықпаған май қышқылдарынан тұруы мүмкін. Бітті, басқа ақпарат бермейді. Бұлардың не жағдайда қажет екенін, не үшін ішу керектігін өз білім-біліктілігіне, ар-ұятына, ой-ниетіне қарай дәрігердің өзі ойлап табады.

СЫНАҚ САЛАНЫ ТҮЗЕТЕ МЕ?

Сол себепті ББҚ-ларды тіркеу жеңіл. Олар тамақ өнімдері қатарында сатылады. Яғни, оның денсаулыққа тиімділігі тексерілмейді, тек денсаулыққа мейлінше қауіпсіз болса жеткілікті.

— ББҚ өндірісі кез келген адамға қолжетімді. Құрғақ ұнтақты асуіде капсулаларға толтыруға болады. Немесе калибровкалы таблетка прессі арқылы өз қолыңызбен таблетка басып шығара аласыз. Таблетка прессі механикалық және автоматты болып бөлінеді. Тіпті, мармелад жасауға болады. Бұл бизнесті бастау үшін күрекше

және дәлдігі жоғары таразы қажет. Ол ингредиенттерді өлшеу үшін керек. Брендіңіздің атауы жазылған қаптамаға, банкіге не блистерге жеке тапсырыс бересіз. Бізде 2 қаптайтын желі тұр, әрқайсысы 18 млн теңгеге алынған. Дайын өнімді маркетплейстар арқылы да, базар мен сауда орындарында да сатуға болады, — деді П.Мамаев.

Спорттық тамақтану және саламатты тамақтану (ПП) дүкендері де қуана-қуана алатын көрінеді. Бизнесмен мемлекеттің ББҚ нарығын реттеуге талпыныс жасап жатқанын қаперге салды. СЭС мамандары, төтеншеліктер, салықшылар, басқасы тексеруі мүмкін. Өйткенмен, биокоспалар ары қарай да жай ғана қоспа болып қалады, адам денсаулығына тиімділігі белгісіз.

Осы орайда ел Үкіметі биологиялық белсенді қоспаларға қатысты сынағын бастады. Оның аясында ББҚ-ны шифрлық таңбалау және қадағалау бойынша пилоттық жоба іске асырылады. Таңбалау бойынша Бірыңғай оператордың мәліметі бойынша пилоттық жоба кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Денсаумин санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Азық-түлік емес тауарларға арналған техникалық регламенттерді бақылау басқармасының басшысы Әйгерім Садубаева сала кәсіпкерлерімен кездесуде оның өнім сапасын арттыратынын айтады. Таңбалау — контрафактімен, контрабандамен күрес үшін ғана керек.

—ББҚ-ларды таңбалау бойынша пилоттық жоба — елдегі бәсекелестікті сауықтыру және тауарлардың көлемкелі айналымымен күрес үшін қажет, ол — осы бағыттағы мемлекеттің кезекті қадамы! Пилоттық жобаға қатысатын бизнес таңбалауды өз өндірісінде енгізеді, оның кемшіліктерін түсінеді, жетілдіру, түзету бойынша ұсыныстар енгізе алады. Оның ұсыныстары нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу барысында мемлекеттік орган тарапынан міндетті түрде ескерілетін болады», — деді Ә.Садубаева.

Әзірге пилоттық жобаға қатысуға ББҚ жасайтын он шақты ұйым тілек білдірді. Таңба тауарларды таңбалау және қадағалау Бірыңғай операторының басқарушы директоры Алматы Исмаилов пилоттық жобаға қатысу удерісі кез келген кезеңде қолжетімді әрі толықтай тегін екенін атап өтті. Жолай қосыламын деушілерге есігі ашық. Қалай болғанда, ББҚ-ларды таңбалау жағдайды көп өзгертпейді. Таңбалау арқасында биокоспа «емге зәруте — тиімді дәруте» айнала алмайды. Ендеше оларды ішу-ішпеу жөнінде дәрігер маманмен кенесе отырып, өзіңізге шешім қабылдауға тура келеді.

Елдос СЕНБАЙ



Дәріханалар кейде өндірушімен бірлесіп, ортақ бренд ойлап табады. Бұл схема көбірек табыс әкеледі. Дәріхананың қожайыны келіп, қапталған өнімге өзінің маркасын басуға тапсырыс береді.

шашатыны сонша, бұл салаға енді алаяқтар үймелей бастады. Астана қаласының прокуратурасы осы аптада биологиялық белсенді қоспаларға қатысты алаяқтықпен айналысқан Салл-орталықтың ұйымдастырушыларын ұстады. Ведомствоның хабарлауынша, қаскөйлер Instagram мен TikTok пайдаланушыларының клиенттік базасына қол жеткізіп, оларға үздіксіз қоңырау шалып, мазалаумен болған.

— Астана прокуратурасының үйлестіруімен, құқық қорғау органдары зардап шегушілерге жаппай телефон соғумен шұғылданған заңсыз байланыс орталығының қызметін тоқтатты. Орталық «зире-тминь» майы түріндегі биологиялық белсенді қоспа өткізген. Оны алушының автомобиль «ұтып» алғаны туралы жалған ақпарат таратқан. Операторлар көлікті

айтуынша, қазір дәрумен, аминокышқылдар, минералдар, басқа ББҚ-ларды ерінбегеннің бәрі жасай береді.

—ББҚ-лардың пайдасы шамалы екенін, оның ауруды емдемейтінін естімеген адам жок шығар. Бірақ дәрігер кеңесімен не онсыз бәрібір сатып алады. Елде 20 млн адам болса, оның әрқайсысы ББҚ сатушының әлеуетті клиенті. ББҚ-лар мол табысқа кенелтеді. Табыс қайда болса, блогер сонда. Бүгінде белгілі блогерлер биокоспа өндірісін жолға қойып, атау-брендін өзі ілгерілетеді. Түрлі ролик түсіреді. Тамақ ішіп отырып, өзінің сол брендтегі ББҚ-ны ішетінін айтып, мактайды, баршасына соны ұсынады. «Мынау бір балық майын ішіп едім, арқа ауруынан арылдым!»



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

24 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кеше өткен құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде: «Әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіп үстемдігін түбегейлі орнықтыру керек. Бұл – барша азаматтың мүддесін, құқығы мен бостандығын қорғаудың мызғымас тірегі. Қоғамның құқықтық мәдениетін арттырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру қажет. Бұл – ауқымы кең маңызды міндет» деп заң және тәртіп қағидатының өзекті екенін атап өтті. Әрі бұл қағидаттың ұлтымыздың рухы мен дүниетанымына толық сай келетініне тоқталды. Ал бүгінде прокуратураның заң мен тәртіптің сақталуын қадағалаудағы орны айрықша.

Қылмыстық юстицияда азаматтардың құқықтарын қорғау құралдары ішінде прокуратураның конституциялық функциялары – заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалау, сотта мемлекет мүддесін білдіру және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үлкен маңызға ие.

Қылмыстық процесінің заңнама прокуратураның алдына қылмыстық процесс сатыларының заңдылығын қамтамасыз ету бойынша міндеттер қояды. Олар – қылмыстық құқықбұзушылықты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеуді, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, сотта қылмыстық істерді қарауды, үкімдердің заңдылығын қадағалауды, олардың орындалуын, соның ішінде пробациялық бақылауды және әлеуметтік ортаға бейімдеуді қамтиды.

Ал прокурорлардың өкілеттіктері жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі – сотқа қатысу. Прокурор қылмыстық істер бойынша сотта мемлекет мүддесін білдіре отырып, қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарының сақталуын қадағалайды. Сот төрелігінің объективті болуына, әділдікті қалпына келтіруге, жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етуге және кінәсізді сөзін қолдауға жол бермеуге, сондай-ақ жәбірленушінің құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ықпал етеді.

Мемлекеттік айыптауды қолдай отырып, прокурор сот процесінде сотталушы жасаған қылмыстың мән-жайын баяндайды, дәлелдемелерді және істі дұрыс шешу үшін маңызды өзге де материалдарды ұсынады, оларды зерттеуге қатысады. Тараптардың жарысқандық сөйлейді, жасалған қылмысқа түпкілікті саралау береді, жаза мөлшерін ұсынады, жәбірленушінің құқықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қолданады. Осылайша, прокурорлар Конституцияның 76-бабының 1-тармағында көзделген сот билігінің конституциялық міндеті – азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруына ықпалдастық етеді.

Қылмыстық істер бойынша сотта мемлекет мүддесін білдіруге аудандық буыннан бастап Бас прокуратураға дейінгі прокуратура органдарының барлық деңгейі қатысады. Қылмыстық-процестік заңға сәйкес жеке айыптау істерін қоспағанда, прокурор сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысуға міндетті. Прокурор заңдылық, кінәсіздік презумпциясы қағидатының сақталуын, сондай-ақ әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруді қамтамасыз ете отырып, жария-құқықтық және имандылық-тәрбиелік маңызы бар мемлекеттік функцияларды жүзеге асырады. Соттарда прокурор өзінің жеке немесе ведомстволық мүдделерін көздемейді. Сотта ол заң мүддесін, заңды бекіткен мемлекет мүддесін қорғайды. Әділ үкім шығарудың негізгі шарты – жазаны даралау. Сондықтан кінәлінің жеке басына қатысты көптеген мән-жай, атап айтсақ, оның мінез-құлқы, шын ниетпен өкінуі, айыбын мойындауы, қылмыстық құқықбұзушылықты ашуға көмектесуі, басқа да сипаттамалық жайттар, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі. Прокурор соттың назарын сотталған адамды түзеу мен қайта тәрбиелеуге ықпал ететін нақты жаза тағайындауға бағыт береді.

Қылмыстардың қауіпті және кең таралған түрлері бойынша әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында мемлекеттік айыптаушылар сотты неғұрлым қатаң жаза тағайындауға бағдарлайды. Соңғы бес жылдағы сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қоғамға сезімтал қылмыс санаттары – ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін сотталғандардың 98%-ы бас бостандығынан айыруға кесілген. Сонымен қатар прокурорлар бұрын бас бостандығынан айырумен байланысты емес жеңіл жаза түрлеріне сотталып, түзелу жолына түспеген, керісінше қайта қылмыс жасаған адамдарды қатаң жазалау қағидасын ұстанады.

Ескере кетсек, 2024 жылы сотталған 26 мың адамның 11 мыңнан астамы нақты бас бостандығынан айыру жазасына кесілді. Сот процесі кезінде судья айыптаушы жағына не қорғаушы жағына шығуға құқығы жоқ және олардың біреуінің мүддесін білдіре алмайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру толық жасалмаған жағдайда тергеу кемшіліктерін жою мақсатында судья өз бастамасымен дәлелдемелер жинай алмайды. Ол – төреші. Бұл – заң талабы.

Ал прокурор болса сот төрелігін жүзеге асырушы емес. Ол фактілерге сүйенген, дәйекті әрі нақты дәлелдемелер негізінде үкім шығаруға сотты бағыттайды. Сол себепті мемлекеттік айыптаушыға жоғары талаптар қойылады. Ол – кәсіби тәжірибесі бар, заңгер ретінде



ПРОКУРАТУРАНЫҢ МИССИЯСЫ – ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

сауатты, жоғары білікті маман болуға тиіс. Сот процесі прокурордан заңнаманы, сот отырысының тәртібін, оған қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін терең білумен қатар, іс материалдарын терең зерделеуді, айыптау тактикасын мұқият әзірлеуді, процеске жан-жақты дайындалуды қажет етеді.

Тергеу сатысында жинақталған дәлелдемелерді сотқа ұсыну жеткіліксіз. Айыптаушы прокурор үшін сотта өзінің позициясын дәлелді қорғай алуы, сөз

тәжірибесі қолданылады. Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінде кең таралған еуропалық модельді басшылыққа алады. Соның нәтижесінде сот-тергеу парадигмасы жазалаудан құқық қорғау бағытына ауысып келеді. Бұл модель бойынша полиция, прокуратура және сот арасында өкілеттіктер нақты бөлінген, азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша олардың жауапкершілік шеңбері нық анықталған.



саптау шеберлігінің болуы, өзіне сендіре білуі, логикалық ойлау және шешендік дағдыларға ие болуы аса маңызды. Сонымен қатар жалпы адамдардың, әсіресе қылмыскерлердің психологиясын терең ұғуы тиіс. Ішкі моральдық дайындық та қажет. Жоғарыда аталған факторларды ескеріп, мемлекеттік айыптаушы процеске қатысушылар алдында өз уәждерін нақты дәлелдей отырып, дұрыс құрылған қорытынды сөз сөйлеуі керек.

Тағы бір маңызды мәселе – сотта мемлекеттік айыптаушыдан басқа ешкім тағылған айыптың көлемін өзгерте алмайды. Бұл процеске қатысушы ретінде оның ерекше құқығы, демек, оған артылған үлкен жауапкершілік.

Прокурор сотталушының кінәсін немесе кінәлі емесін дәлелдеу үшін өзінің барлық процесіктік өкілеттіктері мен заңды әдістерін пайдалануға тиіс. Егер прокурор сотталушының кінәсі дәлелденбеген немесе заңды бұза отырып алынған деген қорытындыға келсе, онда айыптаудан бас тартып, сотқа сотталушыны ақтауға бағыттайды. Сот тәжірибесінде мұндай жағдайлар аз емес. 2023 жылдан бергі уақыт ішінде прокурорлар 18 адамға қатысты айыптаудан бас тартып, оларды соттың ақтауына себепкер болды.

Жалпы, соттардың ақтау үкімдерінің саны туралы мәселеге келсек, оған ықпал ететінін объективті алғышарттар бар. Атап айтсақ, біздің елімізде қылмыстық сот процесінің халықаралық он

тары, Конституциялық және Жоғарғы Сот судьялары, адвокаттар мен танымал ғалымдар қатысады.

Тәжірибе алмасу және мемлекеттік айыптаушылардың біліктілігін арттыру үшін жыл сайын «Үздік мемлекеттік айыптаушы» байқауы өткізіледі. Байқау нәтижелері бойынша «пул» құрылады. Соңғы конкурс нәтижесі бойынша оның құрамына негізінен аудандық звено өкілдерінен тұратын 16 үздік прокурор іріктеліп алынды.

Прокуратура қызметінің тағы бір бағыты – қылмыстық-атқару жүйесіндегі мекемелерде заңдылықты қамтамасыз ету. Соның ішінде бас бостандығынан айыру орындарында ұстау режимі мен шарттарын сақтауды, сотқа дейінгі қамауда отырғандардың, оқшаулаумен байланысты емес жазаларға кесілген адамдардың құқықтары мен тұрмыс жағдайын қадағалау. Бұл жүйеде прокурорлық қадағалау сотталған адамның негізгі және қосымша жазаны өтеуді бастаған сәттен бастап, ресоциализацияны қоса алғанда соттылығы жойылғанға дейінгі барлық қылмыстық-атқару қызметін қамтиды.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан қылмыстық-атқару жүйесін реформалау сотталғандардың құқықтарын қорғау

орындарындағы адамдардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

Прокуратураның қолдауымен осы бағытта жасалған іргелі жұмыстардың бірі – пенитенциарлық жүйеде цифрлық технологиялардың кеңінен енгізілуі. Қазір барлық мекемеде шамамен 40 мың бейнекамера орнатылды. Прокурорлар осы құрылғылар арқылы колониялардағы жағдайға алшақтан бейнемониторинг жасайды. Бұл құрылғылар заңсыз әрекеттерді жылдам анықтап, оларға алдын ала шара қолдануға мүмкіндік береді. Осындай кешенді алдын алу шараларының нәтижесінде соңғы жылдары азаптау туралы сигналдар айтарлықтай азайды (2022 жылы 138 болса, 2024 жылы 6-ға дейін кеміді).

Сондай-ақ прокуратураның бастамасымен 78 мекемеде тікелей сот пен прокуратураға электронды шағым түсіретін 612 терминал орнатылды. Қазір терминалдарды басқа ақпараттық жүйелермен интеграциялау мәселесі қаралып жатыр. Осы жұмыстың нәтижесінде сотталған адамдар прокуратураға өтініш жіберуге, соттарға ізгілік шараларын қолдану туралы ұсыным беруге, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге тікелей жолдауға мүмкіндік алады.

Жалпы практика көрсетіп отырғандай, еңбекпен қамтылған сотталғандар режимді сақтап, түзелуге ынталы келеді. Сондықтан біз колонияларда жұмысқа орналастыруға ерекше мән береміз. Қабылданған шаралар жаңа өндіріс орындар, цехтары бар модульді ғимараттар, басқа да жана жұмыс орындары ашылуға, яғни колонияларда жұмыспен қамту деңгейі артып келеді. Сотталғандарды еңбекке тарту үшін колонияларға шағын және орта бизнес субъектілері тартылуға. Соңғы он жыл ішінде қылмыстық-атқару мекемелеріндегі шағын және орта бизнес субъектілері саны 50-ден 285-ке өсті. 2024 жылы 65 жаңа өндіріс орны ашылып, онда мың жарымнан астам сотталған жұмысқа орналасты.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адамдарды түзету процесінде білім беру зор маңызға ие. Қазір пенитенциарлық жүйедегі мектептер мен колледждерде бес мыңнан астам адам оқиды. Бұл мекемелерде білім беру сапасын арттыру мақсатында Оқу-ағарту министрлігі және жергілікті атқару органдарымен бірлесіп, оқыту әдістемелері мен материалдық-техникалық базаны жақсарту шараларын жүзеге асыруда. Сондай-ақ прокуратура органдары денсаулық сақтау, қылмыстық-атқару жүйесі және жергілікті билік органдарымен бірлесіп, колонияларда медицина сапасын арттыру бағытында бірқатар жұмыс атқаруда. Сотталғандар сырқатын алдын ала анықтауға арналған скрининг тексерулерден өтеді. Денсаулық сақтау министрлігінде сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету басқармасы да құрылған.

Сонымен қатар колонияларда 54 медициналық бөлім жөнделіп, бір медициналық пункт жаңадан салынды (Батыс Қазақстан облысында). Қызылорда облысындағы тергеу изоляторына күрделі жөндеу жасалып, Ақтөбе облысында жаңа амбулатория салуға дайындық жұмыстары басталды. Жоспар бойынша 2025 жылы – 7, ал 2026 жылы 3 денсаулық сақтау орны салынбақ.

Пробация институтының тиімділігін арттыру үшін прокуратура кешенді бағыттарды, соның ішінде – әрбір сотталған адамды жазасын өтеп шыққан соң әлеуметтік ортаға бейімдеу, жұмысқа орналастыру және басқа да әлеуметтік-тәрбиелеу сипатындағы шараларын қолданады. Жазасын өтеп келгендер Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Цифрлық отбасы картасы» платформасына енгізілді. Осы арқылы оларға тиісті мемлекеттік қызметтер көрсетіледі. Бұл платформаға прокурорлар да қосылды, енді олар ресоциализацияға жауапты органдардың жұмысын онлайн қадағалайтын болады.

Алайда пробация шарттарын бұзғандарға қатаң шаралар қолданылады. Былтыр пробация шарттарын бұзған 3 500-ден астам адамның жазасы бас бостандығынан айыруға ауыстырылды. Қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде рецидив 12 %-ға төмендеді.

Соттардың қылмыстық істерді қарау, үкім шығару, оларды орындау, сондай-ақ жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтарының сақталуын қадағалау кезінде прокуратура өзінің негізгі функцияларының бірі – құқық қорғауды жүзеге асырады. Прокурорлар өздерінің өкілеттігіндегі құқық құралдарын қолдана отырып, қылмыстық қудалау орбитасына тартылған азаматтардың заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермейді, сондай-ақ жазаның бұлтартпастығын принципін және жәбірленушілердің құқықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

Әсет ШЫНДАЛИЕВ,
ҚР Бас прокурорының орынбасары

РУХАНИЯТ

24 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ



Жаңылыспасам, сол тұстағы Қазақстан халық депутаттарының органы «Халық кеңесі» газеті болар, Әбіш ағаның «Баспана туралы балладасы» жарық көрді. Студенттік шағынан өзіндік үнімен даралана білген ақынның бұл поэмасы әлеуметтік әділетсіздікті мәселе қылып көтерген дүние болды. Қоғамды дүрсілкітті. Кешегі 86-дағы Желтоқсан ызғарынан кейін қаламды бұлай сілтеу, әй кайдам, екінші бірінші қолынан келе қоймас-ау. Онда мына шумактарды қайыра бір еске алып көрейікші:

— *Көшіп жүрмін... Бадам да көшпенді еді, Көк шалғында — ауылда өскен мені Көңіл-дөнен ап келді астанаға, Көп нәрсені бірақ ол ескермеді.*

Ауып келген кешегі халық тойды, Ауылдағы ел шаршады бағып қойды. Көшпендінің ұрнағы Әбубәкір, Көше-көше көшеде қалып қойды, — деп сол тұстағы қоғамның асқынған жарасын тіліп-тіліп түседі. Бұл — жүректегі тілсіз мұң. Заман шындығы еді. Кей-кейде екінші шумактың бірінші тармағын біреулердің есіне жиі-жиі салып тұрғын келеді...

Газеттің сол нөмірі 17 жатақханада қолдан қолға өтіп, соңында қолды боп кеткен. Шіркін, қазір кітапханадағы газет тігіндісін қайта бір парактап көрер ме еді? Әй, сонда есіне көп нәрсе түсер-ау... Әбубәкір Смайылов — жас күнінен аузы дуалы ақын-жазушылардың жақсы бағасын алған ақын. Талғамы биік Акселеу Сейдімбектің өзі 1990 жылғы күнделігіне: «Жыр дариясы айдынынан Әбубәкір Смайылов керген ақ желкен мойын бұрғызады. Тәңірім желін онынан тұғыза көргей! Тамырын тереңнен тартқан тегеурін ден қойғызады. Енді мына азапты өмірдің азабына кіжінуші ғана болып қалмай, ақ пен қараны айыра отырып, сол өмірге үкім айта алатын зерде биігіне көтерілсе ғой...», — деп тұртіп қойыпты. Фариза апай «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған ақын өлеңдеріне жазған алғысөзінде: «... Мен Әбубәкірдің қыжылы мен қышқыл мұңы көп өлеңдері оқырманды елдік намыс пен жусанның иісіндей ұлттық болымсыздықпен қоректендіреді деп ойлаймын және оның ақындық

Әдеби орта Әубәкір, ал журналистер Әбіш деп білетін талантты ақын Әбубәкір Смайыловтың өзінен бұрын өлеңдерімен таныстым. Қазір қайдам, тоқсаныншы жылдардың ашқұрсақ студенті дүңгіршектен газет сатып алатын. Ол «Өркеннің» өркен жайып, «Жас Алаштың» дүркіреп, «Халық кеңесінің» күркіреп тұрған кезі еді. Нөмір сайын әлгі газеттердің айқара бетіне топтама өлеңдер шығып жатады.

Жырымен тыныстаған жүрек



Ақынның поэзиядағы азаматтық үні арқылы әр қазақ ұлт алдындағы өз жауапкершілігін сезініп, қоғам дамуына үлес қосса деген ақжал арманыңды оятады. Лайым, солай болғай!

Әбекен кейінгі жылдары Қорғаныс министрлігінің орталық аппаратында түрлі әскери лауазымдар атқарды. Аға офицерден бастап, департамент бастығына дейін көтерілді. Сөйтіп, арада қаламды қаруға айырбастаған бірнеше жыл өтті. Әйтсе де, Әбекен әскерде босқа жүрмеппі. Оқырман аз жазса да саз жазатын ақынның «Жүректегі ақынның жазбалары», «Соңғы солдат» атты өлең кітаптарымен қауышты.

Екеуіміз де жиырма жылдай уақытымызды бұйрықпен шідерлеп тастайтын әскери салаға арнадық. Жанында жүріп, ақын ағамның қамқорлығын көп көрдім, шапағаты тиді. Ақылын тындадым. Ерке-

лесем де, шенберден шыққан кезім жоқ. Бір кезде өзінің табаны тиген мұхиттың арғы жағына оқуға жіберді. Еуропаның бірнеше елінде өткен семинар-курстардың тізіміне де бізді қосты.

Әбіш аға саяқ жүрді (Әлі де солай сияқты). Көп ортада өзеуреп көзге де түсе бермеді. «Жыр жазғаным болмаса тиіп-кашып, Ұлылармен жүрмедім иықтасып» деп оны өзі де «мойындайды». Ал мына бір өлеңіндегі ақынның ішкі толқынысы қоғам тынысымен үйлесім тауып жатқандай.

ОН СЕГІЗ МИЛЛИОН ҚАЗАҚ

*Қазақстан — ортақ үй, ортақ Отан
Он сегіз миллион отырмыз алқа-қотан...
Қоныс тепті небір ұлт жеріме кеп,
Ешбіріне демедім еліңе кет.
Олар — төрде, ал өзім босағада
Менікі ме осынау мемлекет!?*

Әбекеннің бір қасиеті — өлеңсүйер оқырманды шөліркетіп, сағындырып барып, баспасөзде сирек көрінетін ақын. Содан болар, халық оның өлеңдерін іздеп жүріп оқиды. Араға біраз үзіліс салып барып, өткен жылы ақынның «Құс жолында біреу жүр жоқ қараған атты» жыр жинағы мемлекеттік тапсырыспен жарық көрді. Азаматтық поэзия мен нәзік лириканы үйлестіре білген ақынның бұл жинағына соңғы жылдары жазылған өлеңдері енген.

Өлең тілі қарапайым әрі түсінікті, сондықтан оқырманға жақын. Оқырманды ойлантауға, сана-сезімді оятауға, ұлт болашағына жауапкершілікпен қарауға шақырады. Әбіш аға поэзиясының ерекшелігі — оның эстетикалық қндылығында ғана емес, нағадан бері біз әңгімелеп отырған әлеуметтік мәнінде жатыр.

Ақынның поэзиядағы азаматтық үні арқылы әр қазақ ұлт алдындағы өз жауапкершілігін сезініп, қоғам дамуына үлес қосса деген ақжал арманыңды оятады. Лайым, солай болғай!

Кітапқа енген өлеңдердің бәрінің атын атап, түсін түстеу шарт емес десек те, «Тақ дегенін тайғанақ...», «Түсік», «Кетпенде кеткен кек», «Қаңғыған оқ», «Орден құмар отандасқа», «Қазақ жастарына» сынды өлеңдерінің тақырыбы делебенді қоздырары даусыз. Олай болса, оқуға тұрарлық кітапқа сіздің де қолыңыз тезірек жетсін, қадірлі оқырман!

Бүгінде ақын Әбубәкір Смайылов — екі майданда қалам тартып жүрген қаламгер. Оның алғашқысы ақындығы екені айтпаса да түсінікті. Соңғы жылдары ол Джейн Остин, Эрих Ремарк, Джеқ Лондон сияқты әлем классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Қазір испан жазушысы Хавьер Моронның «Үміт сапары» романын тәржімалап жатыр. Өткен жылы осы аударма саласындағы еңбегі үшін халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын иеленді.

Бір қызығы, Әбекен әлеуметтік желіден де оқшау жүреді. Ақын өлеңдерін Facebook-те тек курстас достары Арман Скабылұлы мен Серік Аббас-Шахтың паракшасынан оқуға болады.

«Терең өзен үңсіз ағалы» деген, Әбекеннің әдебиетке айқайламай-ақ қызмет етіп келе жатқанына еш таңғалуға болмайды. Кеуде ұрып, көкірек керу оған жат. Әйтпесе, «Жүректегі ақынның жазбалары» кітабының алғашқы бетіне:

«Мен ақын емеспін. Абай айтпақшы, «өлеңге таласым» да жоқ. Бірақ әр адамның жүрегінде бір ақын өмір сүреді деген әдемі аңызға имандай сенемін.

Менің де жүрегімде бір ақын өмір сүруші еді, соның санқылдаған дауысы көптен бері естілмей кетті, қайда жүр екен?...» деп жазар ма еді?

Әбекен — жаны жазуды жақсы көретін ақын. Олай болса, қаламгердің кемеліне келген шағында оқырманға ұсынар дүниесі аз болмас дейміз.

Мұхарбек ЖӘКЕЙҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ЖИЫН

БАЛҚАШ КЕШІ КӨҢІЛДІ

Балқашта осымен үшінші жыл қатарынан қала тұрғындары мен қонақтарына мерекелік кеш сыйлаған Balkhash Tour Fest фестивалі өтті. Екі күн бойы көл жағасы ән мен жырға бөленді, балалар ойынға кірісті. Фестивальге еліміздің түкпір-түкпірінен жүзге жуық еріктілер жиналды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Танертеннен басталған мерекеде жағажай футболы, шығармашылық шеберлік сабағы, фудкорт мен жәрменке ұйымдастырылды. Мәселен, былтыр Ақшағылды 30 мыннан астам адам бетке алып, фестивальдің бел ортасында болса, биыл одан да көп. Қазақстанның барлық аймағынан 50 мыңға жуық адам келіпті.

Балалар үшін «Көк трактор» көңілді шоу-бағдарламасы құлақ құрышын қандырды.

Қарағанды облыстық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Айсулу Ерниязова мен «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаев келушілерді құттықтап, туризмнің туын көтеріп жүрген Балқаш брендіне тоқталды. Келушілерге жайдары демалыс тіледі.



— Біз осында үшінші жыл қатарынан фестиваль өткізіп келеміз. Орналасуы да ыңғайлы, қала сыртында. Жыл сайын кәсіпкерлерді қолдау артып келеді. Егер өткен жылы 25 сауда нүктесі болса, биыл 90-ға жетті. Фестиваль қарқын алып, бағдарлама толығып, қызықты бола түсуде. Бұл туризмді ілгерілетуге ықпал етеді, — деді Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Фестивальдің бірінші күні желкенді регата өз желкенін керді. Оған алты команда қатысты. Оған Алматы, Түркістан облыстарынан, Шымкенттен суда жүйткіген қайықшылар келді. Балхаш өз командасын таныстырды.

— Балқаш көлі желкенді спорт үшін тамаша су айдыны, мұнда үнемі жел соғады. Регата үшін үлкен кеңістік маңызды. Жарысты халықаралық жарыстардың ережелері бойынша өткіземіз, — деп атап өтті Қазақстанның желкенді спорт бойынша мемлекеттік жаттықтырушысы Ерсұлтан Нарбаев.

Фестивальде «Килиманджаро» тобы, қазақстандық эстрада жұлдыздары Қанау, Қайрат Баекенов және Nazima өнер көрсетті.

Фестиваль аясында сондай-ақ жастар форумы, туризм саласының өкілдеріне арналған семинар-тренинг, «Екінші өмір» экологиялық акциясы да қатысушыларды жинады.

Кәсіпкерлік басқармасы басшысы Ирина Любарская қатысушыларды Қазақстандағы алғашқы QAZ ELI онлайн брондау жүйесімен таныстырды.

Айта кету керек, QAZ ELI — туристік қызметтерді брондаудың алғашқы отандық



онлайн-жүйесі. Бұл платформа қонақүй, пәтер, демалыс орындары, пансионат, экскурсия және көлік қызметтерін онлайн түрде брондауға мүмкіндік береді. Ақпараттық турлар мен аймақтың туристік әлеуетін таныстыратын арнайы таныстырылымдар да жоспарға енгізілген.

Balkhash Tour fest-2025 аясында алғаш рет алып қазыбургер жасау жарысы өтті. Салмағы 100 келі болатын рекордтық бургер қала тұрғындары мен қонақтарына тегін таратылды.

— Фестивальге дайындық жұмыстары 3 ай бұрын басталып кетті. Басты сахна, кәсіпкерлердің орны, біздің демеуші дәмханаларымызға арналған орындар жасакталады. Бізде алғаш рет қазы-бургерден жарыс ұйымдастырылды. Көлемі — 1 м 20 см, салмағы 100 келіні құрайтын қазыбургер жасап, ресми түрде рекорд орнатамыз, — деген болатын мереке барысында Balkhash Tour fest-2025 ұйымдастырушысы Ренат Аламанов.

Фестивальдің ерекше қонақтары — Балқашта тұратын ерекше күтімді қажет

ететін 12 бала жергілікті кәсіпкерлердің, соның ішінде Дағу кофеханасының тәтті сый-сияпаттарын алды. Кәсіпкер балаларға өзінің өнімдерін тегін ұсынды. Мұндай игі істер жергілікті бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін айқын көрсетеді. Бұл — кәсіп қана емес, қоғамға деген жанашырлықтың белгісі.

Сонымен қатар фестиваль аясында «Бірлік. Идея. Әрекет» республикалық волонтерлер форумы ресми түрде ашылды.

Осылайша, фестивальде экология мәселесіне ерекше назар аударылды.

— Балалар үшін көл үстіне алғаш рет орнатылған үлкен батут та дайын. Бір уақытта 40 балаға дейін көңілді уақыт өткізе алады. Шара барысында қауіпсіздік бірінші орында — құтқарушылар мен төтенше жағдайлар қызметі тәулік бойы бақылау жүргізеді, — дейді Ренат Аламанов.

Есте қалардай өткен екі күн қонақтар мен Балқаш қаласы тұрғындарына ерекше көңіл күй сыйлады.

АЙМАҚ

24 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ДАМУ

Тәуелсіздік таңы атқаннан бері елімізге инвестиция лек-легімен ағылғаны белгілі. Тыныштық пен тұрақтылықты ту еткен Қазақстанға қаржы салуға ниеттілердің қатары кейінгі жылдары тіпті арта түсті. Бұл өз кезегінде ел экономикасын көтеріп, әлеуметтің әлеуетін арттыруда. Сондай-ақ инвест жобалар жаңа мүмкіндіктер мен белестерге жол ашты. Міне, сондай баянды бастаманың бірі – Jibek Joly арнайы экономикалық аймағындағы болат зауыты.

ӨҢІР БОЛАТ ӨНДІРІСІНІҢ КӨШБАСШЫСЫНА АЙНАЛАДЫ

А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Аталған зауытқа биылғы сәуір айында Үкімет басшысы Олжас Бектенов арнайы ат басын бұрып, құрылыс жұмыстарымен жіті танысқан болатын.

Jibek Joly арнайы экономикалық аймағындағы толық өндірістік циклді металлургия комбинатының құрылысы өңіріміздегі ғана емес, еліміз бойынша ірі инвестициялық жоба саналады. Инвестор – Fujian Hengwang Investment Co., Ltd. қытай компаниясы.

Қазіргі уақытта инвестиция бойынша келісім жасалып, бөлінген жер учаскелерін құрылыс-монтаж жұмыстарына дайындық белсенді жүргізілуде. Индустриялық аймаққа теміржол, электр желілері және табиғи газ сынды қажетті инфрақұрылым тартылған.

Құрылыс кезеңінде 1,5 мың уақытша жұмыс орны ашылып, зауыт іске қосылғаннан кейін 2,5 мыңнан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Инвестор компания жұмыс күшінің кемінде 90 пайызын жергілікті тұрғындардан алуды көздеп отыр.

Жобаны жүзеге асыру екі кезеңге, яғни 2025 жылдан 2029 жылға дейін жоспарланған. Зауытты пайдалануға беру 2027 жылға белгіленсе, одан кейінгі екі жыл ішінде өндірістік қуаттылықты кеңейту жұмыстары жүргізіледі.

Жалпы инвестиция көлемі – 756 млн доллар. Жаңа кәсіпорын темір кенін заманауи сутекті технологиямен өңдеп, жылына 3 млн



тоннаға дейін өнім шығаруға қауқарлы болады. Бұл еліміздегі сутек негізіндегі шахта пешін пайдаланатын алғашқы металлургиялық кешен болмақ. Жоба саланың «жасыл» трансформациясы талаптарына толық сай келеді.

Fujian Hengwang Investment Co., Ltd басқарма төрағасының орынбасары Ли Чжундуннің айтуынша, зауыт толық қуатына шыққан соң оның өнімі ішкі нарықтағы болат тапшылығын өтеп қана қоймай, Орталық Азия, Украина мен Еуропа

елдеріне экспортқа шығаруға қауқарлы болады екен.

— Құрылыс аяқталғаннан кейін біздің өнім Қазақстан нарығындағы болат тапшылығын толықтай жаба алады. Ішкі сұранысты қанағаттандыра отырып, біз сонымен қатар көршілес елдерге де өнім жеткізу арқылы Қазақстан экономикасының және экспорттық әлеуетінің дамуына үлес қоса аламыз. Жоба іске қосылған соң, ол тек өндіріс саласының емес, сонымен қатар логистика, кен игеру, тіпті туризм мен қоғамдық тамақтану секілді салалардың да дамуына серпін береді, — дейді Ли Чжундун.

Әрине, жобаны іске асыру өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізетіні хақ. Бұдан бөлек, мәмілесекен міндеттемелер шеңберінде Fujian Hengwang компаниясы Шу қаласында тұрғын үй кешендерін салып, сондай-ақ аумақтарды көгалдандыру, балабақшалар мен қалалық саябақтар салуды қоса жүзеге асырады.

Fujian Hengwang Investment Co., Ltd. бүгінде КХР-дағы үш металлургиялық кәсіпорынды басқаратын және жылына 23 млн тоннаға дейін болат өндірісінің көлемін бақылайтын өнеркәсіптік өндірістің ең ірі әлемдік көшбасшы болып саналады. Жобаларының инвестициялық көлемі 6 млрд доллардан асады.

Міне, осындай алпауыт компания Қазақстанға инвестиция салуға қызуғышылық танытып, теңдессіз жобаны жүзеге асыруда. Бұл Жамбыл облысын болат өндірісі саласындағы көшбасшыға айналдырады деген үміт зор.

ЭКОСАНА

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасы экологиялық мәдениетті дамытудың әртүрлі әдіс-тәсілін қамтитын кешенді әдісті қарастырады. Негізгі бағыттар – экологиялық ойлауды қалыптастыру, жауапты мінез-құлықты дамыту және оны ынталандыру шаралары, экологиялық білім беру мен ақпараттандыруды жүзеге асырады делінген тұжырымдамада.

А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА, Батыс Қазақстан облысы

Тұжырымдама толық жүзеге асса, адамдар қоқысты сұрыптап тастауды меңгереді, қоршаған ортаны ластайтындарға мүлде төзбейтін ұрпақ қалыптасады деп күтіліп отыр.

«Таза Қазақстан» акциясы атқарушы биліктің, бизнес қауымдастықтардың, халықтың күшін біріктіре отырып таза әрі тұрақты ортаны құруға үндейді.

Бұл акция бірнеше бағыттағы жұмысты қамтиды. Атап айтсақ, аумақты тазалау – қалаларды, саябақтарды, ормандарды және су қоймаларын қоқыстан жүйелі түрде тазалау. Екіншіден, көгалдандыру, ағаштар, бұталар отырғызу және жана жасыл аймақтарды құру. Бұдан бөлек, қалдықтарды бөлек жинау, қайта өңдеу жүйелерін енгізу мен жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру мәселесі қарастырылған.

Осылардың ішіндегі ең маңыздысы – сол ұрпаққа экологиялық тәрбие беру болса керек. Бес жыл тұжырымдама аясында тазаланған орман алқаптары мен өзен-көлдері одан әрі қарай таза ұстау да маңызды.

Бұл ретте Батыс Қазақстан облысында бірқатар іс-шаралар жүзеге асуда. Бұл туралы бізге БКО Табиғи ресурстар табиғаты пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Фариза Султаншәева айтып берді.

— Негізгі мақсат – таза, қауіпсіз орта қалыптастыру. Осы ретте 2024 жылы Орал қаласын-

да 100 бейнекамера орнаттық. Биыл 500 миллионнан астам қаржы бөлінеді. Бұл ақшаға 300-дей бейнекамера орнатылады деп жоспарланып отыр. Бұл камералардың бәрі де БКО Полиция департаментінің кезекші бөліміне тіркеледі. Қазір мектептер мен балабақшаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыратын ашық сабақтар мен кездесулер өтуде. Біз бұл



жұмыстарды жалғастыра береміз, — дейді басқарма маманы.

Батыс Қазақстан облысы – орман алқабына бай өңір. Ресми дерек бойынша, 15 мың гектардан асатын орман алқабы бар. Бұл орман алқабын одан әрі ұлғайту мақсатында жылда жас тал егіледі. «Таза Қазақстан» акциясы аясында облыста 228 мың көшет отырғызылады деп күтіліп отыр.

— Биыл «Таза Қазақстан» акциясы аясында әуежай жақтағы орман алқабында жас те-

ректер ектік. Бұдан бөлек, студенттер мен еріктілерді жинап, орман алқаптарының бәрінде таазалық жұмыстарын жүргіздік. Біздің мекеменің жеті гектардай жерді алып жатқан тәлімбағы бар. Ол жерде тал-теректің түрлері өте көп. Орман алқаптарына арналған түрлері балабақша, мектептердің ауласына егуге қолайлы, сәнді ағаштар да баршылық. Біз ол ағаштардың тұқымын егеміз. Кейін өскен соң ғана орман алқаптарына отырғызамыз. Биыл

155 гектардай ағаш ектік. Жалпы, егілген ағаштардың 90 пайызы жерініп өсіп кетеді. Былтыр 350 гектарға ағаш еккенбіз. Біз орман алқаптарын қоқыстан тазалаймыз. Әрі қураған ағаштарды кесу, тазарту жұмыстарын жүргіземіз. Біздің мекемеде тек 44 орман инспекторы жұмыс істейді. Бұл әрине өте аз. Сондықтан біз студенттерді, экобелсенділерді сенбіліктерге жиі шақырып тұрамыз, — деп атап өтті БКО Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеменің инспекторы Құралтай Шамұратова.

Естеріңізге сала кетейік, Батыс Қазақстан облысында орман көлемін ұлғайту жоспарына сәйкес 5 жыл ішінде 56,57 миллион түп ағаш отырғызу жоспарланған.

Биыл «Таза Қазақстан» акциясы барысында өңірде үш бірдей эко-пункт іске қосылды. Ол бөлімшелерде қоқысты сұрыптап, өңдейді деп жоспарланып отыр.

КӨКЕЙКЕСТІ

УЛЫ БИЗНЕСКЕ – ТОСҚАУЫЛ

Заңсыз есірткі айналымы мен нашақорлық бизнесіне қарсы күрес шаралары Ақмола облысында жүйелі түрде жүзеге асырылады. Облыстық полиция кейінгі кезде тым көбейіп кеткен есірткі бизнесі мен нашақорлық қылмыстарын алдын алу және жолын кесу бағытында арнайы акциялық шаралар өткізуді қолға алды. Мұндағы басты мақсат – қазіргі тұтас қоғамның ащы жанайқайына айналған нашақорлықпен күрес пен оның зиянын жастарға барынша түсіндіру жұмыстарына бағытталыпты.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Бір ай ішінде жалпы облыс көлемінде ондаған арнайы шаралар ұйымдастырылып, оған полиция органдарымен қатар, орта және арнаулы білім беру, денсаулық сақтау басқа да мемлекеттік мекемелер мен органдар қатысуда. Акция түрінде өткен кезекті іс-шара Көкшетау қаласында жеке кәсіпкерлердің қаржылай қолдау көмегімен жүзеге асырылыпты. Полиция қызметкерлері қамқорлыққа зәру тұрмыс-жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларға мереке қайырымдылық концерттік бағдарламаларын ұсынды. Жеткіншек балалар қарағай мен қайың көмкерген қаланың шеткі аудандарының бірінде орналасқан Letto-парк демалыс базасында болып, онда мотоциклдер, квадроциклдер мен автомобильдермен қыдыру, аниматорлардың қатысуымен түрлі ойындар, байқаулар мен көңілді басқа да шаралар жүргізіліп ол балалардың көңілінен шықты. Барлық балаға тәтті балмұздақтар мен сусындар, сондай-ақ басқа да тәтті сыйлықтар таратылды. Сондай-ақ шара барысында балаларға «Салто» батут орталығына қатынау және спорт дүкеніне сыйлық сертификаттары салтанатты түрде табыс етілді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл акция әлеуметтік қолдау түрінде ғана емес нашақорлыққа қарсы күрес айлығы шеңберінде жастар арасында нашақор-

лықтың алдын алу жұмыстарының бір бөлігі ретінде қарастырылған.

— Балалар мен жасөспірімдердің белсенді өмір салты мен қызығушылықтарын қалыптастыру – жағымсыз құбылыстардың оның ішінде есірткіге, басқа да нашақорлыққа бағыттайтын заттарға тәуелділіктің алдын алудың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Біз балаларға бос уақыттарын қызықты әрі қауіпсіз өткізудің түрі көп екенін көрсетуге тырыстық, — дейді Ақмола облысы Полиция департаментінің нашақорлық қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі басқарма өкілі Разия Курсанова.

Шараларға ұйытқы болған полиция қызметкерлері осынау шара барысында бар көмектерін аймай балалар үшін қайырымдылық концерттерін ұйымдастырып, тәтті сыйлықтары мен сертификаттар тарту еткен кәсіпкерлерге шынайы алғыстарын білдірді. Өйткені мұндай шаралар өз кезегінде мемлекеттік органдарды, сондай-ақ қоғам мен бизнес өкілдерінің күшін бір арнаға тоғыстырып, жастардың нашақорлыққа тәуелділігінің алдын алуға, келешек ұрпақтың салауатты әрі белсенді өмір салтын ұстануға ықпалын тигізеді.

Акция шеңберінде балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесіне бағытталған семинар шаралары да кеңінен өткізілуде. Полиция департаменті Нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай есірткіге қарсы айлық шеңберінде Көкшетау қаласы мектептерінің директорлары, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары мен ата-ана-

ларға арналған семинар ұйымдастырды. Шара өскелең ұрпақ арасында профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін «Химиялық және химиялық емес тәуелділіктердің зияндылығына бағытталыпты. Семинар шарасы «Жастар арасында есірткіге тәуелділіктің таралуына қарсы тұрудың құқықтық аспектілері» тақырыбына өткізілді. Білім беру мекемелерінің басшылары, директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, ата-аналар қауымының өкілдері қатысқан іргелі шараға осы саланың жілігін шағып, майын ішкен, яғни қоғам арасында нашақорлықтың таралуы мен оның алдын алу бағытында жылдар бойы жұмыс істеген сарапшы мамандар да толғамды ойларын ортаға салды.

Семинар тізгінін қолына алған «Зерделі ұрпақ» үкіметтік емес ұйымының басшысы Гүлнар Оразбаева талқыланатын мәселелердің жастар мен жасөспірімдер үшін өзекті екенін, әсіресе олардың есірткі заттарына тәуелділігінің алдын алуда түрлі құрылымдардың күш-жігерін шоғырландырудың маңыздылығын атап өтті.

— Бүгінде есірткіге елігіп, андамай жүріп нашақорлықтың шырмауына ілініп қалып жатқан жастардың қатары азаймай тұр. Сондықтан жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жиі ұйымдастыру – оларды есірткі қылмыстарынан бойын аулақ салуына ықпал етпек. Бұл орайда күш құрылымдары ғана емес мемлекеттік органдар, оқу орындары мен ата-аналар да күш біріктіруі аса маңызды. Жастармыздың есірткіге тәуелділігінің алдын алу елдің ертеңіне қосатын аса маңызды үлесіміз екенін түсінуіміз керек, — дейді Гүлнар Оразбаева.

Семинар барысында жастар арасында құмаройындар, компьютерге және интернетке сияқты химиялық емес тәуелділік, сонымен қатар есірткі заттарын, психоактивті құралдар мен алкоголь және қалың тұтыну сияқты химиялық тәуелділіктің де



өсуімен байланысты аса өзекті мәселелер талқыға түсті.

Нашақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқарма өкілі Разия Курсанова есірткі қылмыстарына қарсы күрестің құқықтық аспектілері жайлы егжей-тегжейлі түсіндіріп, сонымен қатар тыйым салынған заттарды тұтыну мен таратудың арғы жағында аса үлкен жауапкершіліктің тұратындығын атап өтті. Сонымен қатар мұндай қылмыстық оқиғалардың ішінде көмелет жасына толмаған жастардың құқықбұзушылықтарының жана үрдістері туралы әңгімелеп берді. Бұл орайда білім беру мекемелерінде ата-аналармен бірлесіп алдын алу жұмыстарын жүргізудің аса маңызды екені аталды.

Іс-шараға арнайы шақыртылған дәрігер-психотерапевт, PhD докторы Мария Прилучкая жасөспірімдер арасындағы тәуелділіктердің қалыптасуының психологиялық тетіктерін, олардың алғашқы белгілерін атап өтіп, ата-аналардың қандай жағдайға ерекше назар аударып, қауіпті топтарды ертерек анықтаудың маңызды-

лығы, сонымен қатар есірткіге тәуелділікке ұшыраған балалар мен жасөспірімдерді түзету мен алдын алудың заманауи әдістеріне тоқталып өтті.

Спикерлер есірткіге тәуелділіктің алдын алу және мәселенің шешімін табуға кешенді ведомствоаралық тәсілді қолданудың маңыздылығына назар аударып, бұл орайда білім беру мекемелері, құқық қорғау органдары, медициналық ұйымдар мен ата-аналар қауымының бірлесе өзара тығыз қарым-қатынаста әрекет етудің қажеттігін жеткізді.

Семинар қорытындысында іс-шара қатысушылары білім беру ұйымдарындағы профилактикалық жұмыстарды күшейту бойынша практикалық ұсыныстарды талқыға салып, жасөспірімдердің денсаулығы мен құқықтық санасына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру бойынша бағдарламаларды іске асыру жөнінде тәжірибелерімен бөлісті.

Мұндай кездесулер өскелең ұрпақтың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтауға мол ықпал тигізетіні сөзсіз.

АЙНА

24 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ



Көшедегі тазалық өздігінен пайда болмайды. Әрбір айна-дай даңғыл мен жып-жинақы жаяу жолдың ар жағын-да таң бозынан оянып, еңбекке кірісетін тазалықшы мамандардың табанды бейнеті жатыр. Солардың бірі – «Астана Тазалық» ұйымының қызметкері Алпысбай Хамутбек. 63 жастағы еңбек адамы бұл салада 2016 жылдан бері жұмыс істейді.

КӨШЕ ТАЗА БОЛСА, КӨҢІЛ ТАЗА

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

КАЛАНЫҢ КӨРІНБЕЙТІН ҚАБАРМАНЫ

Алпысбай ағаның жұмыс күні өзгелерден ерте басталады. Сағат таңғы үште ұйқыдан тұрып, Қоянды ауылындағы үйінен шығады. Төрт шамасында қызметтік автобуспен Астанаға қарай жолға шығып, сағат бесте жұмыс базасына келеді. Осында арнайы жұмыс киімін киіп, басшылықтан тапсырма алады. Таңғы сағат алтыда бекітілген аумағына аттанады.

— Бізге бүгінде Республика даңғылы мен Сарыарқа даңғылы аралығындағы аумақ бекітілген. Бұл — әкімшілік ғимараттар, мектептер мен аялдамалар жиі орналасқан, жүргінші де, көлік те үзілмейтін тығыз аумақ. Осы учаскеде 13-14 адам бірігіп еңбек етеміз. Әрқайсымыз өз секторымызды білеміз. Алтыдан бастап, онға дейін бас алмай жұмыс істейміз. Одан кейін 12-ге дейін үзіліс. Түскі үзілістен сағат 15:00-ке дейін жұмыс қайта жалғасады. Аптасына алты күн бойы, дүйсенбіден сенбіге дейін осы кестемен жүріп-тұрамыз, — деді ол.

Жаздың аптап ыстығы мен Арканың қыттымыр қысы — бұл істің ең ауыр тұстарының бірі. Ауа райының кез келген жағдайында көшеде бірнеше сағат бойы жүру, қар құреу, шаң сыпыру, жапы-



рак пен коқыс жинау — мұның бәрі шыдам мен тәртіпті талап етеді.

— Жазда 35 градус ыстықта жұмыс істеу оңай емес. Ми қайнаудан аптапта аңқан кеуіп кетеді, кейде басымыздан күн өтіп, әлсіреп қаламыз. Ал боранды қыста аязда сағаттап қар күрейміз. Қарды сыпырып, техникамен алып кетуге дайындаймыз. Қозғалыста болғанмен, суық өтпей қоймайды. Бірақ жұмыс ауыр екен деп, қол сілтеп кетуге болмайды, — деп жымиып қойды Алпысбай аға.

Кейіпкеріміздің айтуынша, бұл салаға жастардың келуі сирек. Себебі жұмыс тәртібі қатал, еңбек ауыр. Қазіргі тазалықшылардың көбі — орта және егде жастағы азаматтар.

— Жастар тез жалығады. Ал мұнда тәртіпке бағыну керек, уақыттан кешікпеу керек. Әр көшені, әр аялдаманы — бекітілген жоспарға сай, уақытылы тазалаймыз, — деді «Астана Тазалық» қызметкері.

ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ОРТАНЫ КӨРКЕЙТЕДІ

Алпысбай аға үшін көше тазалығы — қала мәдениетінің айнасы. Оның сөзінше, соңғы он жылда тұрғындар арасында тазалық мәдениеті біршама артқан. Аула мен тротуарға коқыс тастау азайған, қоғамдық тәртіпке мән беретіндердің қатары көбейген.

— Қазір адамдар тазалықты бағалай бастады. Әсіресе, танертенгі уақытта өткен жұрт сыпырғыш ұстап жүрген бізге «Алтын қолдарыңыз аман болсын!» деп алғысын айтып жатады. Сол бір ауыз сөз де адамға күш береді, — дейді ақсақал.

Расымен де, бұл пікірді ресми деректер де растайды. Мәселен, қалалық әкімдік мәліметіне сүйенсек, соңғы бес жылда көшелерге тас-талған коқыс көлемі 18 пайызға азайған. Бұл — тек тазалау сапасының емес, қала тұрғындарының экологиялық жауапкершілігі арта түскенінің де көрсеткіші.

Елорданың бірнеше ауданында жүргізілген қоғамдық сауалнама нәтижесі де тұрғындардың көзқарасы өзгергенін айғақтайды. Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 67 пайызы «қала тазалығына өзімді жауапты сезінемін» деп жауап берген. Ал 72 пайызы «қоғамдық орынға коқыс тастаған адамды ескерту жасап тоқтатар едім» депті. Бұл — ел ішінде экологиялық мәдениеттің тамырына су жүре бастағанының белгісі.

Қала тұрғындарының қатысуымен өтетін сенбіліктердің де қарқыны күшейіп келеді. Әсіресе, көктемгі және күзгі маусымда әр сенбі сайын 10 мыңнан аса адам тазалық шараларына өз еркімен қатысады. Мегаполис тұрғындары ортақ жауапкершілікке осылайша бет бұра бастаған.

ҰҚЫПТЫ ҰЛТ ҰТЫЛМАЙДЫ

Қала тазалығына келгенде әр елдің өзіндік жолы, қалыптасқан мәдениеті мен инновациялық шешімдері бар. Мәселен, Сингапурда қоғамдық орындарда коқыс тастаған адамға салынатын айыппұл 500 сингапур долларына дейін жетеді. Мұндай қатаң тәртіп нәтижесінде қалада бір тал шөмішке қабығын табудың өзі қиын. Тіпті, бұл елде арнайы «тазалық офицерлері» жұмыс істейді — олар қаладағы



жұмыстарын жүргізеді. Ал кей мекемелер мен бизнес орталықтарға өз аумағындағы санитарлық жағдай үшін жауапкершілік заңмен жүктелген.

Грузияда, әсіресе Тбилиси қаласында көше тазалау ісі жекеменшік компанияларға сеніп тапсырылады. Бұл бәсекелестік тудырып, тазалық сапасын арттыруға әсер еткен. Әр аудан бойынша арнайы мобильді қосымшада шағым қалдырып, нақты мекенжай бойынша тазалау жұмысын бақылауға мүмкіндік бар.

Соңғы жылдары Астана тазалығына жауапты мекемелер цифрлық басқару жүйесін енгізіп, көше тазалығы бойынша арнайы техникалармен жабдықталуда. Дегенмен жоғарыдағы елдер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тазалық тек техниканың күшімен емес, тұрғындар мәдениетімен де тығыз байланысты. Көшенің тап-таза болуы — әр адамның жүріс-тұрысына, жауапкершілігіне, ортақ мүддені түсіне білуіне байланысты.

— Қала таза болса, көңіл де таза болады, — дейді Алпысбай аға. — Айнала тап-тұйнақтай болып тұрса, адамның жүрегінде де тыныштық орнайды. Сондықтан біздің жұмыс — тек

Елорданың бірнеше ауданында жүргізілген қоғамдық сауалнама нәтижесі де тұрғындардың көзқарасы өзгергенін айғақтайды. Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 67 пайызы «қала тазалығына өзімді жауапты сезінемін» деп жауап берген.

тазалықты күн сайын қадағалап, тәртіп бұзғандарға шара қолданады.

Сеул мен Гонконгте де тазалық сақтау бойынша нақты алгоритм бар. Мысалы, кей аудандарда әр көше учаскесіне жауапты еріктілер тобы жұмыс істейді. Олар тазалыққа бақылау жасап қана қоймай, тұрғындармен түсіндіру

сыпырып өту емес, адамдарға жайлы орта жасау дер едім.

Осыны айтты да, Алпысбай аға сыпырғышын қайта қолына алып, күнделікті дағдылы жолына беттеді. Артында қалып бара жатқан тап-таза жолға қарап, бір сөтке менің ойым да тазарып қалғандай күй кештім.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албап АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4608

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Муканов көшесі, 223 в
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА...

Елордадағы амфитеатрда «Классикалық өнер» бөлімінің солистері мен Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің қатысуымен музыкалық кеш өтті.



Бұл іс-шара Роза Бағланова атындағы «Қазакконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы GRAND FEST музыкалық фестивалі аясында ұйымдастырған концерттік бағдарламалар сериясының бір бөлігі болды.

Концерттік бағдарламада әлемдік және қазақ симфониялық, вокалдық және камералық музыка үлгілері ұсынылды. Кеш барысында қазақ операларынан ариялар мен дуэттер, халық әндері, романстар, аспаптық миниатюралар мен Отан тақырыбындағы заманауи шығармалар орындалды.

GRAND FEST фестивалі — елорданың мәдени өміріндегі маңызды оқиғаға айналып, отандық музыкалық өнерді насихаттауға және қала тұрғындарының мәдени тыныс-тіршілігін байытуға бағытталған жобалардың бірі.

Ашық аспан астындағы амфитеатр сахнасында түрлі жанр бойынша жанды музыка орындалды. Мұның барлығы түрлі буын өкілдерін топтастырған жылы әрі шабыт сыйлайтын атмосфераны қалыптастырды.

VOICE OF TURAN ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

Түркістанда халықаралық Voice of Turan – 2025 қазақ әндері фестивалі өз мәресіне жетті. Екі күнге созылған өнер додасына әлемнің 17 елінен келген дарынды әншілер қатысып, қазақ ән өнерінің таңдаулы туындыларын шырқады.



Фестивальге Кыргызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Татарстан, Башқұртстан, Түркия, Тыва, Тунис, Португалия, Румыния, Куба, Италия, Оңтүстік Африка, Сан-Марино, Эквадор, Индонезия, Болгария сияқты алыс-жақын шетелдерден келген өнерпаздар қатысты. Олар Ақан сері, Шәмші Қалдаяқов, Кеңес Дүйсекеев, Нұрғиса Тілендиев сынды қазақ композиторларының туындыларын орындап, қазақтың бай музыкалық мұрасын жаһан жұртшылығына паш етті.

Қазылар алқасының төрағасы — Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «МузАрт» ансамблінің солисі Сәкен Майғазиев, сондай-ақ Маржан Арапбаева, Мөлдір Әуелбекова, Бағлан Омаров, Мархаба Сәби, Әли Окапов, Мейіржан Алияқбаров қатысушылардың өнерін бағалады. Байқау қорытындысы бойынша Италия елінен келген талантты әнші Vincenzo Cantiello фестивальдің бас жүлдесіне ие болды.

Еліміздің мәдени беделін әлемге танытуға бағытталған маңызды жоба Voice of Turan – 2025 фестивалін Түркістан қаласының облыс орталығы болғанына жеті жыл толуына орай Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен облыстық Мәдениет басқармасы, облыстық Мәдениет және халық шығармашылығы орталығы ұйымдастырды.